

ЖАДЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Тарих және біз

Ә.Олжабай

Қасірет пен қасиет

Көкейтесмі

М.Шаханов

**Рушилдықтан
бйік туру –**

әр қазақтың парызы

Әлем әдебиетінің классиктері

Чхе (Цой) Иң Хун

АЛАН

Проза

Жадыра Сейдем

Үлгім оты

№2 2013



Шейх Эбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
мен Орта Азия муфтилер кеңесінің төрагасы,
Бас мұфти

ҮШ ҚҰРЛЫҚҚА САПАР

1. ПАРИЖДЕГІ ҚАЗАҚТАР

2012 жылдың күркүйегі. Тараздағы бір мешіттің ашылу салтанатын өткізіп Алматыға кайтып келе жатқаным. Күн батуға таяп қалған шак. Жаздың алтабы басылғанымен әлі ыстық. Бірақ кеш түсісімен қоңыр салқын тарта бастаған-ды. Кенет қалтафоным коңыраулатып қоя берді. Немірі өзгешелеу. Алыстан коңырау шалып түрған болар, көтере кояйын деген оймен, телефон түймесін басып ем, аргы жактан «әлеу» деген дауыс естілді.

– Бұл мен ғой, Ерлан Іңдырысов, Қазақстанның АҚШ-тағы елшісі.

– Иә, Ереке амансыз ба?

– Аманбыз. Биылғы жылы наурызайында Лондонда Сіздің «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздық діні» атты кітабыңыздың ағылышын тілінде жарыққа шыққанын естідік. Құтты болсын дей отырып, сол еңбегініздің тұсаукесерін АҚШ-та да өткізек деген ұсынысым бар. Оның ағылышынша нұсқасын тауып, оқып та шықтым. Жақсы, ғибратты, пайдалы дунис екен. Өсіреле Қазақстанның тарихын, мәдениетін, ислам дінінің елімізден шықкан көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы, халқымыздың кең пейілін насиҳаттайтын тұстары қызықтырды.

– Рахмет. Алла разы болсын. Сонда, тұсаукесердің кай кезге жоспарламақсыздар?

– Қарашаның 6-сында АҚШ-та Президент сайлауы етеді. Сол бітісімен қарашаның екінші онкүндігінің соны, үшіншісінің басында өткізуіді ұсынамын. Ұсынысымында қабыл аласыз ба?

– Иә. Оған әлі 2 ай бар ғой. Сіз де, мен де дайындалайык.

Осылай келістік.

Содан арада біраз күн өткенде Ерлан Эбліфайызұлы Қазақстан Республикасының Сыртқы Истер министрі болып тағайындалуына байланысты Астанаға оралды. Сапар енді болмайтын шығар деп жүргенімде Ерекен үәдесінде тұрып АҚШ-тағы елшілігімізден шакырту жіберктізді.

Америкадағы президент сайлауы да өте шықты. Сонымен Мен және Алматы қаласының Бас имамы Құлмұхаммед Махамбет, көмекшім Нұржан Маханов үшеуміз Алматыдан Майндегі Франкфуртке онтүстік астанаға алғашкы кар жауған түні танға жуық ұшып кеттік.

Реті келіп түрған соң жолай Парижге де соға кетейік, оның да тарихи, мәдени нысандарымен танысайық, содан соң әрі қарай Вашингтонға үшайық деп шештік.

Өйткені осыдан біраз бүрін Діни басқармаға Франция елшілігінен осы жүрттың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Жан Шарль Бертонің мырзаның Бас мұфтимен кездескісі келетінің жайлы етініш түсті. Қабылдадым. Ғибратты сұхбат болды. Мен еліміздегі ұлттар мен ұлыстар, діндераралық достық пен ынтымақ, сыйластық туралы әнгімеледім. Ол Францияда бірнеше ұлттардың басын құрайтын миллиондаган мұсылман тұратынын, мешіттер бар екенин, олардың діни гибадаттарын аткаруга ешқандай кедергі жоқ екенин мәлімдей келе, әйтсе де мұсылмандардың жас буыны – жастар арасында мәселелер барын, оның елді мазасыздандырып отырганын ортаға салды. Елші мырзаның айтқандарын мүқияттыңдай отырып, өзой-пікір, көзқарастарыммен болістім. Ол Қазақстан Бас мұфтійінің Францияда



былып, ел тарихы мен мәдениеті, тыныс-тіршілігі және діни ахуалды өз көзімен көргенің абзалдығын алға тартты. Соның реті енді келгендей. Оның үстінен осы елде бірнеше мың қандастарымыз тұратынынан да хабардар едік.

Сонымен Франкфуртка танертең жеттік. Бірер сағаттан соң пойызға отырып Парижке тарттық. Немістің жүрдек көлігі қамши салдырап емес. Сағатына 300 шакырыммен зымырап келеді. Манхайм деген стансаға жеткен соң, басқа пойызға отырдық. Енді бағытымыз өзгерді. Батысқа бет алдық. Вагондар жайлышы. Клас класқа, дәрежелерге бөлінген. Билеттің күніңда соған байланысты. Біраздан соң Кайзерслаутерн деген стансаға жеттік. Жол-жөнекей немістің орманы, ойлы-қырлы даласын артқа тастанап келеміз. Біраз жерлерге егістік егілгені, олар жинап алынған соң айдан тастанғаны байқалады. Кейбір тұстарының танапқа бөлінгені, олардың сымтемірлермен айналған коршалғаның көрдік. Кейбір танаптарда койлар мен сиырлар жайылып жүр. Танаптардың орта немесе шет жақтарында фермерлердің үйлері мен олардың жаһында трактор, машиналар тұр.

Жері көкпенбек. Мал жайылып жүр. Енді бірде Saarbrucken деген стансадан өттік. Одан кейін көп ұзамай Франция басталды. Шекара жок. Франция жері жазық, кейде ойпатты, кейде ойлы-қырлы, белесті болып келеді екен.

Пойызымыз жүйткіп келеді. Франкфурт пен Париждің арасы шамамен 450 шакырымдай. Бірте-бірте Франция астанасына жақындаш келеміз. Париждің шет жағы екі-үш қабатты шағын жеке үйлер. Бірақ арасында төрт-бес қабаттылар да ұшырасады. Көп ұзамай Париж де басталды. Автоқөліктерден көбінесе өздері шығаратын Рено, Пежо, Ситроендерды көрдік. Біздегідей джиптер сирек.

Парижде «Солтүстік», «Оңтүстік», «Батыс» және «Шығыс» теміржол вокзалдары бар екен. Соның «Paris Est» (Шығыс Париж) вокзалина келіп тоқтадық. Бізді күтіп алуға елшіліктің кеңесшісі Бейбіт Сыздықбаев, Францияда тұратын қазақ диаспорасы бірлестігінің төрағасы Құрманәлі және Сарбон университетінде оқытын париждік қарындастырылған Мәдина шығынты. Вокзал ығы-жығы жүрткә толы. Көпшілігінің Еуропаның түрлі елдерінен екендігі байқалады. Француздардан басқа өзге де тілдерде сөйлесіп бара жатқан халық.

Париждің Шығыс вокзалы сәулеткерлік ерекшелігі сәнімен көз тартады. Ишінен мейрамханалар мен кафелер, дүкендер, дүнгіршектер, тіпті кітап дүкендері де ұшырасады. Басқа вокзалдарға қарағанда мұнда шынында да халық көп екен. Себебі Шығыс Еуропаның көптеген елдерінен баратындар Париждің тап осы Шығыс вокзалинан аттанады. Кезінде Парижде тұрған Мұстафа Шокай атамыз да Берлинге осы вокзалдан пойызға отырған шығар деген ой келеді.

Париждің тар көшелерінен жүріп отырып орталықтағы Елисей аланындағы (бульварындағы) «Мариот» конак үйіне келіп жайғастық.

Күн бұлтты. Салқын. Анда-санда жаңбыр сіркіреп кояды. Ұақытты босқа өткізбейік деп кайтадан көлікке отырып, Сена өзенінің жағасындағы Эйфель мұнарасын көруге бардық. Ол бір әдемі жерде екен. Жазда Парижде саяхатшылар көп болады, мейманханаларда орын табыла бермейді, мәдени жәдігерліктердің көрісі келетіндердің кезегі ұзын-сонарға созылады деп естітінбіз. Билет алып лифтімен Эйфель мұнарасының бірінші бөлігіне көтерілдік. Сәлден соң одан түсіп айналаны тамашаладық.

Париж тегіс жерге жайыла орналасыпты. Батыс және оңтүстік жағынан зәулім банк ғимараттары мен мұндалайды.

– Әне, Монмартр, ал анау Париждің құдай асасының күмбезі, одан алдырып Елисей аланы, оның батыс жағы атақты аркалы қақпа. Елисей Конкорд аланына, ал ол Лувр сарайына жетелейді, – дейді бізге тәржімашылық жасағ жүрген Мәдина қарындастырылған. Ол осы қалада туылып, осында мектепті бітірген соң атақты Сарбон университетіне түсініті.

– Бұрындары қазақшам ете нашар еді. Тіпті түсінушін түсінгеніммен, ана тілімізде сөйлей алмайтынын. Содан Алматыға барып ҚазҰУ-дің шетелдіктерге арналған дайындық факультетінде қазақ тілін тереңірек оқыдым. Содан Парижке кайтып оралып, Сарбондағы негізгі окуымды жалғастырудамын, – дейді Мәдина.

– Алматыдан қандай жақсы, қандай ұнамсыз қылыш көрдің? – деп сұрадым.

– Алматы жақсы, әдемі, көркем шаһар. Ұнады. Ұнамағаны – жүрттың ана тілінен горі, орыс тілінде сөйлегенді ұнататыны және соны мәртебе, мактансын көретіні. Өз тілін білмейтіндіктерін ешкім ұнамыс көрмейді екен. Мені таңқалдырғаны сол болды. Содан соң көшеге түкіре салу, күл-қоқыс тастанай беру байқалмай қалмайды. Париже ондай жәйттердің кездеспейтінін көрғен боларсыздар. Француздар өз тілінде сөйлегенді жақсы көреді. Және шетелдіктердің де француза сөйлегендіктерін ұнатады. Ағылшынша бәрі біледі. Бірақ шетелдіктердің француза тілдескенін жөн көреді.

Қазақстандажүрттыңшілікке, темекігекұмарлығы да көзге түспей қоймайды. Бірнеше тойларда болдым. Арақты мас болғанша судай сіміртіндерді көрдім. Ондай жаман әдет бізге орыстардан жүккән деп ақталғандар да жетерлік. Осы жәйт таң қалдырыдь.

– Алматыға барып, біржола түруға қалай караисың?

– Ол әлі ертерек қой деймін. Парижден кейін әлігіндегідей қоғамда түру қын болатын шығар.

Біраз үңсіз қалдық, оның шындықты айтқанына ренжіген жоқпын. Жаны күйген соң айтты ғой деп қабылдадым.

– Сарбонда сенен басқа қазақ жастары оки ма?

– Иә, 4-5 қыздар, жігіттер бар. Барлығы өздерін қазакпаз дейді. Бірақ қазақша сөйлей алмайды. Сөйлейтін ортасы да жок.

– Үйлерінде ата-аналарымен қазақша сөйлеспей ме?

— Біз Түркияның қазақтарымыз. Ата-аналарымыз да түрік тілінде ұғысады, сол себепті казакшага шорқақпаз.

— Бірақ сенің қазакшаң жатық. Тіпті Түркияның қазағы екенің байқала бермейді.

Мәдина риза болып қалды. Мен де шындыкты айттым. Мактайын деген жоқопын. Ақиқаты солай.

— Ал, енді қазақтың әдет-ғұрпышан не ұнады?

— Мен Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында болдым. Наурыз тойын көрдім. Сол ұнады. Жаңа Қазақстандағы біраз ұнамсыз істерді айттым ғой. Жалпы қазақтың әдет-ғұрпышы, салт-дәстүрі, тілі, діні, мәдениеті оңтүстік өнірде жақсы сақталған деуге болады.

— Менің тағы бір байқағаным – Қазақстанда рухани ояну бар секілді. Жастардан имандылықка бет бұрып, ата дінінің бастауына ұмтылуышылық сезілетін секілді. Әрине, бұл өзіңіз басшылық жасап отырған діни мамандардың жемісті жұмыстарының нәтижесі болар деп ойлаймын.

— Рахмет, айналайын, біз себепкерміз ғой. Бәрі Алланың қалауымен болады.

Әйтсө де сырт көз сыншы. Алыстағы қарындастырылғанын естіген жылы сөз көнілді бір өсіріп тастағандай.

Келесі күні таңертен елшілік бізге шағын автобус жіберілті. Жүргізуші Кызылорда облысы Жалағаш ауданының азаматы Ербол деген ініміз. Тәржімашилыққа енді париждік қазак Айтар Гөкай деген жігіт келіпті. Оны Құрманәлі жіберген. Ол өз есімінің Айтар екенін айтты. Мен Айдар шығар деп түзеттім. Ол Париждің сәулет институтында оқиды. Бірақ Мәдинаға қарағанда қазакшасы әлсіздеу. Парижке «Болашақ» бағдарламасы арқылы келген қазақстандық студенттермен танысып, қазакшасын жетілдіріп жүр екен. Бірнеше рет аз уақытқа Қазақстанға барып қайтыпты. Құрманәлі оның елге барып қайтқалы ана тілін білуге деген қызығушылығының артқанын айтады.

Елисей бульварының шығыс жағындағы Конкорд алаңына бардык. Ол үлкен. Аланың солтүстігі Францияның үкімет үйі, Президенттің мекен-жайы және тағы да басқа ғимараттар. Аланың ортасында құстар бейнеленген көне Мысыр жазулары бар тас монумент түр.

Бұл тарихи көне ескерткіш – Луксор обелискі немесе Клеопатра инесі деп аталағынан білетінбіз. Мысырдың бұл көне жәдігерлігінің биіктігі 23 метр. Өуелде ол Египеттегі Перғауындар орталығы саналатын Луксорда болатын. Басында екеу болған обелискілер II Рамзестің кезінде Луксор ғибадатханасының кіре берісінде тұратын. Алайда 1829 жылы Египеттің сол кездегі патшасы Мұхаммед Әли етіз обелискінің екеуін де мырзалығы ұстап Франция мемлекетіне тарту еткен. Бірақ Франция басшылығы обелискінің біреуін ғана алған. 1832 жылдың тамыз айында «Сфинкс» атты француз кемесі Александрияға келіп, 1833 жылдың 21-желтоқсанында обелискіні

Парижге жеткізеді. Үш жылдан соң, яғни 1836 жылдың 25-қазанында король Луи-Филипп I-нің жарлығымен обелиск Париждің орталық келісім алаңына орнатылған.

Қазір бұл көне заман ескерткіші Франция астанасыдағы ең ежелгі монумент саналады.

Ал Египеттегі Луксорда болғандар ондағы ғибадатхана кіреберісінде бір-ақ обелискі тұрғанын, екіншісінін орны бос екенін байқайды.

Одан еткен соң Лувр сарайларына бет алдық. Онда Франция патшалары тұрған. Қазір іші толған мұражай жәдігерліктері. Әсіресе майлы бояумен салынған суреттерге біраз көніл бөлінген. Уақыттың аздығынан Луврды желе-жортып қана көруге тұра келді. Түрлі скульптуралар. Этнографиялық жәдігерліктер.

Оқінішке орай Луврдің Азия бөлігі жабық екен. Біз соны көріміз келіп-ақ еді. Әйткені Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі шамдардың бірі осы Луврде көрінеді. Қалған екеуі Санкт-Петербургта. 1937 жылы көрмеге деп екетілген. Қайтып береміз дөлінгенімен күні бүтінге дейін қайтарылмай келеді.

Елшіміз Нұрлан Дәненов түскі асқа шақырды. Париждің ортасындағы бір мейрамханаға келдік. Нұрлан Дәненовты бұрыннан білетінмін. Кенес Одағы тарап алдында Тунисте КСРО елшілігінде қызмет еткен. Соナン соң Президент аппаратында, Сыртқы істер министрлігінде, одан кейін Қазақстанның Испаниядағы елшісі болды. Бір-екі жылдан бері Париждегі елшілігіндегі басқаруда. Қарашаның 23-24-інде Парижке Елбасымыз келмек. Соған бүкіл елшілік дайындық үстінде екен.

Францияның жаңа президенті болып Франсуа Оланд осыдан жарты жылдай бұрын сайланған. Бірақ қазір оның рейтінгісі темен көрінеді. Никола Саркози пысықтау болған деседі. Бірақ ол қолын канға бояп кетті. Тыныш жатқан Либияны талқандауға белсенде қатысты. Саркози тағы бір мерзімге сайланатынына сенімді болған. Бірақ халық Ф.Олландты колдап, көпшілігі соған дауыс берді. Никола Саркози Қазақстанмен жақсы карым-қатынаста болуға тырысты. Қазіргі Ф.Олланд та солай. Оның себебі де жок емес. Қазақстанда Францияның бірнеше компаниялары жұмыс істеуде. Мұнай, уран өндірісі жағына да француздар белсене араласуда.

Нұрланмен әдебиет, мәдениет, тарих жайлы да сөйлестік. Ол Испанияда елші кезінде осы елдің байырғы астанасы Толедо шаһарында БҮҮ-ның халықаралық үлкен конференциясы өтті. Соған мен де шақырылды. Содан Нұрлан бауырымыз Мадридте елшілікте қабылданап, құрмет көрсетті. Конференция біткен соң бір дипломатын көсиپ, менің Испанияның Андалусия аймағындағы ислам жәдігерліктері көбірек сақталған Севилья, Кордова, Гренада қалаларын аралауыма мүмкіндік жасады. Мадридке оралғанда Испанияның дәстүрлі ұлттық ойыны – бұқалар шайқасын көрсетті. Сөйтіп Испаниядан елден үлкен әсермен оралып, ол жайлы жолжазба жариялағаным есімде.



Нұрланмен кездесуден соң Құрманәлі бастап Париждің шығыс жағындағы, бір кездері ұлт жанашыры біртуар азamat Мұстафа Шоқай атамыз тұрған үйді іздедік. Ол 30 жылдары Париждің La Fontenе көшесіндегі бір үйде пәтер жалдап тұрыпты. Ол көшө онша ұзын емес. Мұстафа атамыз солтустіктен онтустікке қарай созылып жатқан әлгі көшениң орта тұсындағы үйдің орта қабатындағы пәтерде күн кешкен. Бізді сол көшеде «Мұстафа Шоқай француз-қазақ достық қоғамының» президенті Яшар Динч деген ақсақал күтіп тұр екен. Оның қазакшасы жақсы. Сөйтсем ол 90-жылдары біраз уақыт Алматыда тұрыпты. Такси жүргізген. Орысшасы да бар. Қазакстанның азamatтығын да алыпты. Ол Мұстафа Шоқай туралы біраз әңгіме айтты. Мұстафа атамыздың жұбайы Мария Горина екеуі біраз қыншылықтарды бастан өткізгендіктерін, Мария апайымыздың Мұстафага айтпай манты пісіріп сатқанын да еске алды.

Ла Фонтен көшесі кезінде төменде жатқан Сена өзеніне барып тірелетін болған. Бірақ ол жерлерге қазір үйлер салынып кетіпти. Мұстафа Шоқай тұрған пәтерде күні бүгіндері бір ауқатты кісі тұратын көрінеді. Яшар бауырымыз пәтер иесіне барып, оны сат деген ұсыныс жасапты. Онда тұратын босниялықтың сататын ниеті жоқ. Маған: «Жарайды, ойланайық» деп шығарып салды дейді. Мұстафа атамыздың ізі қалған көше бойымен ары-бері жүрдік. Әлгі көшениң солтустік шетіндегі шағын алаңшаға Мұстафа ағамыздың бүсті қойылыпты. Онда «Мұстафа Шоқай. 1889-1941 ж.ж.» деген жазу өрнектеліпти. Мұстафаның зираты Берлинде. Қайтыс болған соң Берлиннің сол кездегі Америка аймағына жерленген. Ол жерде қазір түріктердің шаһидтер зираты бар. Берлинге барған сайын Мұстафа атамыздың басына барып Құран оқып кетуді ұмытқан емеспін. Бюст үлкен дарақтың жанында тұр. Дарап жапырақтары сап-сары боп сарғайып кетіпти. Күз.

Яшар ағамыз:

— Осы бюст тұрған алаңшаға жақын жерде мұражай, ол онда Мұстафа Шоқайға арналған бұрыш бар, — деген соң көлікке отырып, соған бардық. Уш қабатты ғимараттың үшінші қабатына көтерілдік. Мұражай жалпы сол ауданың тарихына арналған екен. Кіре берістегі бұрышқа Қазақстанның картасы ілініпті. Шағын үстелге дәлтер қойылыпты. Мұстафандың ізден келгендер сонда пікірлерін жазып қалдырады екен. Біз де атамызды еске алып, ойымызды хатқа түсірдік.

Тағы бір күн өте шықты. Бізге тәржімашылыққа Жібек деген қызымыз келді. Оны өртіп қаланың қөрікті жерлерін аралаудамыз.

— Мынау Париждің атақты Гранд опера театры, — деді Жібек.

— Тоқтаныз, кідіріп көре кетейік, — дедім. Театр сәулеттік жағынан да көз тартарлық. Эрі шаһардың ортасында.

— Парижде казактың ән өнеріне байланысты атақты екі кісінің ізі бар, — дедім.

— Мұфти хазрет, олар кімдер? — деп сұрады Жібек.

— XX ғасырдың басында Парижге келіп ән салып, жүрттү таң қалдырыған Әміре Қашаубаев деген атаң. Екіншісі біздің замандасымыз, өнеріміздің майталманы Майра Мұхаметқызы деген әпкен.

— Иә... ол кісі жайлы естігем.

— Есіту аз. Ол қатысқан қойылымдарға Париждің қазақтары да келіп, париждіктермен бірге қуана қол соғып отырулары керек.

— Дұрыс айтасыз, мұфти хазрет! Біз Францияда, Парижде тұрып, ғұмыр кешіп жатсақ та ұлтымыздың қазақ және руымыздың меркіт екенін ешқашан ұмытқан емеспіз, — дейді Жібек.

— Оның дұрыс екен. Қазақпыш деп соққан жүргінен айналайын.

— Қазақстан – біздің тарихи отанымыз. Арғы атабабаларымыздың кіндік қаны тамған жер. Францияда қазақ, Қазақстан деген сөз естіле қалса құлағымыз елеңдеп тұрады.

— Меркіт деген ру жайлы Қытайдың «Шыңғыс хан» деген фильмінен естідік, — дейді Алматы қаласының Бас имамы Құлмұхаммед Маханбет. Жібектен ол меркіт жайлы сұрап жатыр.

— Оны білмеймін. Әйтеуір кішкентайымыздан қазақпыш, меркітпіз деген сөз жүргімізде жатталып қалыпты.

— Жібекжан, Меркіт – қазақтың Жалайыр тайпасының бір тармағы. Одан үлкен мемлекет, ғылым, қоғам қайраткерлері шыққан. Соның бірегейлері XVI ғасырда әмір сүрген Қадырғали Жалайыри, Хасан Әли Жалайыр деген бабаларың. Орта ғасырларда Иран жерінде Жалайыр деген мемлекет болған. Ол туралы ғалым ағаларың қазір зерттеп жатыр.

Осы ретте айта кетер жайт — Каирге барған бір сапарымда Ніл өзенінің жағасындағы Египеттің қолжазбалар институтынан «Ад-Даула әл-Жалайрия» («Жалайыр мемлекеті. Каир 1987») деген кітап таптым.

Келесі көрген жеріміз Париждегі Араб әлемі институты болды. Ол осы қаладағы араб мәдениеті орталығы екен. Ол жерден 921-922 жылдары Бағдадтан Бұхараға, одан соң кері оралып, Әмударияда кемеге отырып Хорезмге жеткен соң, осы күнгі Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарын басып өтіп, Еділ бойындағы бұлғар патшасына, олардың өтініші бойынша ислам дінін үйретуге келген делегацияның хатшысы болған Ибн Фадланның (Х г.) «Рисаласын» («Трактатын») іздедім. Каирге барған бір сапарымда, оның осы шағын еңбегінің кітап бол шыққанын көріп едім. Бірақ оның тағы бірде реті келер деп алмай кеткенмін. Кейін өкіндім. Дегенмен ол дүниe Араб әлемі институтында болмай шықты. Сөйтіп жүргенде шам намазының уақыты болып қалыпты.

Сена өзенінің оң жағалауында Париждің үлкен мешіті бар деген соң сонда келдік. Ол әлгі институттан оңша алыс емес.

Мешіт Андалусия немесе Мағриб араб елдері, яки Сирияның астанасы Дамаскідегі ежелгі сәулет өнері үлгісімен салыныпты. Мұнарасы төрт бұрышты. Іші



Испанияның Гренадасы, Кордовадағы ортағасырларда салынған Омейядтардың әдемі мешітін еске түсіреді. Кірдік. Шам намазын сонда оқыдық. Соңан соң оның қарсысындағы кітап дүкеніне соқтық. Мақсатымыз – Ибн Фадланның кітабын табу. Бірақ ол жерден де табылмады. Мешітке қайтып келдік. Ол ұзыннан ұзакқа созылып көшे бойында көсліп жатыр. Иргетасы 1926 жылы Georges Desplas көшесіне салыныпты. Намазхандардың айтуынша ол Франциядағы үлкен мешіт. Естелік болсын деп суретке түстік. Мешіт имамымен сұхбаттастық. Алла үйінің бой көтергеніне сөйтіп 80 жылдан асқан.

Жалпы француздар елінде 400-ден астам мешіттер бар көрінеді. Олар намазхандарға толы екен. Арасында жастар да аз емес. Францияда мағрибтік (Солтүстік Африкадағы Марокко, Алжир, Тунис) арабтар көп. Олар мұнда жұмыс іздел келген. Тұрактап қалғандары да жетерлік. Бұл елде олардың үшінші буыны есіп келеді. Арабтар негізінен қызмет көрсететін орындарда, немесе қара жұмыс істейді. Сапар барысында олармен де әңгімелестік...

Ендігі бағытымыз – Париж маңындағы Лиль шаһары. Құрманәлі сонда тұрады.

Париж үлкен қала, шамамен 10 млн. халық тұрады. Жолдар тегіс те, таза. Екі жақты даңғылдардың әр жағы 3-4 жолақтан тұрады. Бірақ соңың өзінде кейде кептеліс болып қалатынын көрдік. Сонымен мешіттен шығып Париждің онтүстігін бетке альп келеміз. Лиль Франция астанасына серік шаһар. Бір сағаттан соң үлкен жолдан онға бұрылып шағын көшелердің біріне түстік де көп ұзамай тоқтадық. Құрманәлі жеке үде тұрады екен.

Келіншегі Нұрайым мен кішкене баласы алдымыздан шықты. Нұрайым хижаб емес, қазақы дәстүрге сай орамал таққан. Өзіне жарасып тұр. Кішкентай баласы түріктер сияқты дінбасыларының қолын сүйіп құрмет көрсетіп жатыр. Залға өттік. Каминде от жанып жатыр. Үй екі қабатты. Біріншісі зал және асхана болса, екіншісі жатын бөлмелер.

Әңгімелесіп отырмыз. Құрманәлі мұнда 1973 жылы көшіп келіпти. Кәсібі – тон тігу. Бірақ кейінгі жылдары тонды алушылар азайған. Қебінесе өтпейтін көрінеді. Ол рас. Бізде де өткен ғасырдың 90 жылдары тонға, тері күртеше сұраныс көп болса, бұл күндері олар сәннен шықты деуге болады. Алғашында тон тігү Парижге келіп қоныстанған бауырларымызға пайда экелген. Сол себепті де Құрманәлі тұрмысын жөнде алған. Әйтте де үй сатып ала алмапты. Мына үйді жалдап тұрады екен. Париж казақтарының біренсараны болмаса, көпшілігі көп қабатты үйлердің пәтерлерінде тұрады.

Әңгіме арасында Қазақстан туралы сөз болды. Ел жаңа ғалықтарымен таныстырылды. Құрманәлі Париж казақтары бірлестігінің тәрағасы. Ол Қазақстанға барып тұратынын айтады. Сұхбаттасып отырғанда үйге екі жігіт кіріп сәлем берді. Бірінің аты – Тәбәрік, екіншісі – Мұстафа. Тәбәріктің казақшасы жатык. Мұстафа сәл кібіртікеп сөйлейді.

Құрманәлінің айтуынша, Париже 300-ден астам қазақ үйі бар. Соңда барлығы 1000-ға жуық қандастарымыз күн кешуде. Ата-бабалары Түркияға Қытайдың Алтай жағынан келгендер. Кезінде коммунистерден қашып, жолай Тибет арқылы Кашмирge жеткендердің 3 яки 4 буыны.

Түркия қазақтарын әңгіме еттік. Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылы Түркияның оку орындарына бірнеше мың қазақ жастары қабылданды. Стамбул, Анкара және басқа қалалардағы жоғары оку орындарында ұлдар мен қыздарымыз дәріс алды. Олардың арасында Түркияға қызық күп келгендер, сол себепті оқымай, кейде тәртіпсіздік жасаумен көзге түскендер де болмай қалмады. Ондайлар көбейе бастаған соң, сол кездегі жоғары білім министрінің орынбасары Шамша Беркімбаева бастаған делегация Анадолы елінде оқып жатқан жастардың жағдайымен танысу үшін Түркияға аттанды.

Стамбулда, Эрзурумде, Измирде болдық. Университет басшылары студенттерімізben кездестірді, сұхбаттастық. Измирде конак үде отырғанымызда НАТО-ның Шеризат деген қызметкері болған кісінің күйеу баласымын деп Айтқұрман деген жігіт бізді іздел келді. Оны Шеризат ағамыз бізді үйіне конак болып кетсін деп шақыруға жіберген екен. Бардық. Ағамыз Измирден бірнеше ондаған шақырым жерде Алматы маңындағы Медеу сияқты шатқалда тұрады екен. Ондаған бие байлап, қымыз ашытатынын көрдік. Бірнеше киіз үйлер тігіліпті. Арасында мейрамханалар да бар. Қазақтың ұлттық тағамдары дайындалуда. Автобус-автобуспен шетелдік туристер келіп жатыр. Айтқұрман келіншегі екеуі Шеризат ағамызға көмектесуде. Біраз отырдық. Шеризат ақсақалдың жұбайы қайтыс болып кетіліп. Айтқұрманнның қайын атасын қатты сыйлайтынын көрдік.

– Оның «катамның көзінше тілті темекі де шекпеймін» дегені әлі есімде. Құрманәлінің дастарханында осы оқиға да еске түсті. Сөйтсем сол Айтқұрман париждік Құрманәлінің туған ағасы екен.

– Айтқұрманнның келіншегі науқас. Оны апармаган, емдеңпеген жері жок. Измирде 2 үйі бар еді. Ол да сатылды. Қазір Айтқұрман тұрмыстық жағынан шаршаулы, – дейді Құрманәлі.

Мұстафа да Париждегі үлкен бір компанияда тері тігетін боп шықты. Тәбәріктің де мұнда келгеніне бірнеше жыл болыпты. Түріктермен бірге бір компанияда істегендіктен француз тілін үйренуге мән бермепті. Ол да Қазақстанға бірнеше рет барған. Қазақшасы тәуір. Тәбәрік өзін еркін ұстайды, қысылып қымтырылмайды.

Парижге қайтып келеміз. Жолдар босап, көліктер азайған. Париж оттары жымындаған кол бұлғайды, жарқыраған шамдары көз тартады. Көп ұзамай Елисей алаңының батыс жағындағы Париждің символы сеқілді арқалы ғимараттан өтіп мейманханаға келдік.

Парижге Түркия қазақтары 1971 жылдан бастап келе бастаған. Алғашқы көшті бастағандардың бірі



Яшар Динч ақсақал көрінеді. Содан соң басқалар да көшті үзбеген.

Елшілік қызметкерлері міндепті түрде Париж маңы онтүстік батысындағы яғни шаһардың патшалар сарайы Версальды көруді ұсынды. Ол қаладан 25-30 шакырымдай жерде. Жібек қызымыз тағы жолбасшылық етті. Жол-жөнекей әңгімелесіп келеміз. Жібек Парижде туылыпты. Екі бауыры бар. Парижде орта мектепті бітірген соң Сарбон университетінің экономика факультетіне тускен. Ата-аналары ажырасып кетіпти.

— Себебін анам айтпайды. Содан бері әкемізден хабарсызыбыз. Анам 51 жаста. Бір фирмада тон тігумен айналысады, — дейді ол.

Жібек қазақ тіліне шорқактау. Бірақ француз бен түрік тіліне ағып түр.

— Үйлеріңізде кай тілде сөйлесесіздер? — деген сұрағыма түрікше деп жауап берді.

Жібек дегенмен шығады, тағы бір шетелдік Жібек Шадкам деген қызымызды сырттай білетініmdі Құрманәліге бір әңгіме арасында айттым. Бірде «Түркістан» газетінен Абай атындағы ҚазҰПУ-де Германияның Мюнхен қаласынан келіп оқып жатқан Жібек есімді қазақ қызы туралы макала оқыдым. Ол тілшіге оқу ақысын төлеуге ақшасы жоқтан киналып жүргендігін айттыпты. Содан көмекшілерімнің біріне: «Жібекті табындар, келсін, жәрдем ету жағын қарастырайық», — дедім. Университетпен хабарласқан олар Жібектің Мюнхенге қайтып кеткенін айтты.

Ректор профессор Серік Пірәлиевке телефон соғып, мән-жайды айтып көмектесуді сұрадым. Университетте шетелдік студенттер баршылық қой. Оның қайсыбірін ректор қадағалай берсін. Оның үстінен онымен айналысатын арнайы қызметкерлер бар. Серік бауырымыз соныра Жібекті тауып, Мюнхеннен оны Алматыға қайта оралтқанын, окуы қалпына келтірілгенін, қызымыздың дәрісін жалғастырып жатқанын хабарлады. Содан ол окуын бітіріп кеткен шығар деп жүргенмін. Құрманәлі оның қазір Мюнхенде тұратынын, қазақстандық бір жігітке тұрмысқа шыққанын айтты.

Версальге жетіп қалыпты. Патша сарайлары қол бұлғайды. Алтын жалатылған темір қақпа алдында аттылы ескерткіш түр. Ол француз патшаларының бірі сияқты. Патша дегенмен шығады. Париждің шулы ортасы жалықтырғандықтан ба XIII ғасырда мемлекет басшысы қала шетінен мекен-жайлар салдырып, сонда түруға ниет еткен. Содан жоспарланған құрылыш басталып кетеді. Сәулет жағына үлкен мән берілгендей көрінісінде сарай салтанатты болып шыққан. Әйтсе де оны толықтырып, өндеп жөндеуден еткізген деп корольдің баласы XIV Людовик аталады. Ол әкесінің шағын, жұпнылау мекен-жайын толықтырып Париждегі үкіметті де осында көшірген. Олармен бірге күтүшілер мен күзетшілер, құл-құтандар көшіп келсе керек. Патша сарайында балдар, той-томалақтар жиі еткізіліп тұрған. Олардың әдетте халықпен ісі болмаған.

XVIII ғасырда XVI Людовик патша сарайларын тағы да кеңіте түсіпті. Дей тұрғанмен халықтың хал-жағдайынан хабары жоқ патша аштықтан ашынғандардың көтерілісі кезінде басы шабылып өлтірілген. Содан соң кейінгі патша резиденциясын Парижге қайта көшірген. Версаль сарайының қолемі, алып жатқан жері үлкен. Сарайлар мұражайға айналдырылыпты да ЮНЕСКО-ның тізіміне кіргізіліп көздің карашығында сакталуда. Бұл жерге кезінде Н.С.Хрущев, Л.И.Брежнев және т.б. билік басындағылар барып көрген.

Келушілер қазір де көп. Біздің қызықтырғаны майлы бояумен салынған, сан қолемді, сан түрлі суреттер болды. Франция үнемі өзге елдермен соғысып келген. Бірқатар суреттер мерзімдік тәртіппен осындағы соғыстарға арналған. Наполеон Бонапарттың жорықтарын бейнелейтін де суреттер жоқ емес. Оның 1797 жылдары Каирды басып алғаны туралы да үлкен суретті көрдік.

Патша сарайларының жан-жағы бақ. Оны да біраз аралаған соң қолікке отырып Парижді бетке алдық. Өйткені тұс қайта мұнда тұратын қазақтармен кездесуге келісім бергенбіз. Ол Париждегі түрік мәдениет орталығында өтпек.

— Сол жерге шаһар қазақтарын жинап, Сіздерді күтіп отырамын, — деген-ді Құрманәлі.

Сонымен үлкен қаладағы әлгі мәдениет орталығын ізделеп біраз қошениң шарладық. Соның аркасында Париждің көптеген жерлерін көрдік. Сейтіп екінші сағат жүріп қалдық. Жібек қарындастырылған калтафонының да қуаты бітіп қалған екен. Содан бірде Құрманәлінің өзі елшілік арқылы хабарласып, Париждегі адасып жүрген бізді тауып, әлгі орталыққа бастап барды.

Орталық дегеніміз бірнеше қабатты қызыл-қоңыр гимарат. Ол осында тұратын түріктердің жиналатын әрі мәдени орталығы, әрі намазханасы бол шықты. Бұл жерде түркиялық қазақтар үшін де есік ашық.

Біраз қандастарымыз жиналыпты, бірақ біз кешіккенен кейін келе ме, келмей ме деген құдікпен, әрі қызметте болғандықтан біразы тарап кетіпти. 20-шакты кісі қалыпты.

Көпшілігі егде және орта жастағылар. Бірқатары әйелдері, ұл-қыздары, тіпті немерелерінде ерте келіпті. Әуесінде ата жүрттық қазақтарды көрмегендіктен бе олар біздің діни киімізге, сөзімізге қызыға қарайтынның аңғардым. Әуесінде Қазақстан, қазақтар, дініміз, мешіттер мен мәдреселер туралы әңгімеледім. Барлығы қозғалыспен жақындаған жағдайында отыр. Елдің амандығы, патшамыздың орнында екендігі, елі, отаны, халқы үшін атқарып жатқан иғі істері де айттылмай қалған жок. Сұхбат біразға созылды. Содан соң бәріміз бірігіп намаз оқып, елге, отанға, халықмызға Жаратушы иемізден тілек тілеп, дұға жасап бата қылған соң залға қайтып оралдық.

— Қандай сұрактарыңыз бар?

— Баяғыдай емес, құдайға шүкір, тарихи отаны-

мызбен байланысымыз қалыпты. Елбасына деген бір ғана тілегімізді жеткісепін.

— Айтыңыздар.

— Біз отырған жер түріктердің мәдени орталығы екенін көрдіңіз. Онда түрік тілі, тарихы, мәдениеті, әдебиеті оқытылады. Имам да бар. Ол бес уақыт намаз өткізеді. Бізге Нұрекең осындай орталық салып берсе. Онда балаларымыз, немерелерімізге қазак тілін оқытсақ. Өйткені ұрпактарымыз үшін алаңдаймыз. Тілді білу жағы нашар. Біз үш тілдіміз. Түзде французша, үйде түрікше. Шамалымыз ғана казақша білеміз. Осыны бүкіл қазақтардың көшбасшысы Нұрсұлтан баурымызға жеткісепін.

— Жер қымбат деседі. Ол жағын қайтесіздер?

— Оны өзіміз шешеміз.

Мейманханаға қайтып оралдық. Мұстафа мен Тәбәрік бізбен бірге келді. Шайға жүрініздер, қалған әңгімені дастархан басында жалғастырайық деген соң Елисей алаңындағы (бульварындағы) бір мейрамханадан дәмтаттық. Әңгімелестік. Қалтафоным шырылдан коя берді. Елшілгіміздің кеңесшісі Бейбіт Сыздықбаев екен. Сәлден соң ол да келіп дастархан басына жайғасты. Бейбіттің мұнда келгеніне көп болмапты. Оның жергілікті казак диаспорасымен қарым-қатынаста екенін байқадық. Бейбіт ауылы Отырады, Шәуілдірдің сұрап қояды.

Парижден бір байқағанымыз теледидарларындағы 50-60-қа жуық арналардың бағдарламаларында атыс-шабыс, кісі өлтіру, тонау, бейәдептілікті насиҳаттау, нашақорлық сиякты зиянды да залалды істер туралы фильмдер көрсетілмейді. Осындай жәйттерді Вашингтон мен Нью-Йоркте түрған бірер аптада да байқамадық. Ал бізде емін-еркін. Еуропа, АҚШ өзгелерде не болса, ол болсын дей ме екен, ал өз жүртін мұндай жат қылықтардан қорғайтын сиякты ма деп қалдық.

Ертеңіне түске таман Париждің Шығыс вокзалынан пойызға отырып, Германияның Майндағы Франкфуртын бетке алдық.

Ара-кідік ормандар мен тоғайлар ұшырасады. Ресей секілді бұлардың да далалары ойлы-қырлы. Сандаған белестер де артта қалып жатыр. Бос жатқан жер жок. Бәрі игерілген. Қараша айының ортасы болып, қыс тақап қалғанымен дала көкпенбек, әйтсе де кураған, сарғайған шабындықтар да бар. Фермерлердің үй-жайлары, кора-копсылары жинақы.

Пойызда жол серіктер тамақ үlestіреді екен. Ол билет бағасына кіргізілген.

Майнхаймға жеткен соң пойызымыз солтустіктің бетке алды. Жол жағасымен Майн өзені жарысып отырды. Онда көлемі орташа кемелер жүзіп барады. Арапарында жүк тасып бара жатқандары да ұшырасады.

Сонынмен Франкфуртке күн бата жеттік. Вокзал басында бізді консульмызы Ерлан Ізбасқанов ініміз карсы алды.

Ертеңіне түсте екі қабатты үлкен ұшакпен Вашингтонға ұшып шықтық. Ұшақ жолаушыларға

толы. Бос орын жок. Соған қарағанда Еуропадан Америкаға баратындар көп пе деп қалдық. Ұшағымыз Англияның орта тұсынан жогарылау жерді кесіп өтіп Атлант мұхитына ілікті. Күн бұлтты болғанымен ара-кідік бұлттар сейілгенде мұхит айдыны көрініп қалады. Содан Канада жағалауларына дейін 4 сағаттай ұштық. Жылдамдық 900-955 шақырым. Бірақ мұхит үстімен ұшқанда жылдамдық 820 шақырымнан аспай қалатынын да байқадық. Канада жағалауына жеткен соң кілт солға бұрылып, АҚШ жағалауымен онтүстікті бетке алдық.

Қойши әйтегеүір, Вашингтонға дейін 7 сағат 45 минут ұшып, АҚШ астанасының Даллас өуежайына жетіп, жайлы кондық.

2. ВАШИНГТОНДАҒЫ ТҰСАУКЕСЕРЛЕР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

Германияда күн салқындау, бұлтты, аздал жанбыр сіркіреп тұр еді. Вашингтонда күн жылы. Өуежайдан елшіліктің бірінші хатшысы Нұрғали Арыстанов қарсы алды. Оны біраз жылдардан бері билетінін. Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1495-1551) шығармашылығымен айналысып жүріп, бірде ұлы ғалымның зиратын іздел Каширигеле барғанымда, сондай-ақ тағы бірде «Қазақфильм» киностудиясының түсіру тобына кеңесші ретінде осы атакты тарихшы, акын, мемлекет қайраткері туралы құжатты фильм түсіру үшін Дели, Каширигеле зиярат еткенімізде, ол бізді өртіп жүріп тәржімашылық жасаған. Өзі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің халықаралық қатынастар факультетін бітірген. Қызылорда облысының Жалағаш ауданынан.

Төлқұжат тексеруінен өту үшін кезекте түрмезді. Шекаршығатөлқұжатымды бердім. Олменен ағылшын тілінде бірдене деп сұрады. Ағылшынша білмеймін деп жауап бердім. Сөйтіп ем, ендеше қай тілді білесіз деп сұрағандай болды. Омырауына көзім түсіп кетті. Онда Иванов деп жазылып қойылыпты, яғни ол тегі жағынан орыс болды ғой деп ойлағандықтан: раша (орыс тілі) дедім. Ол маған орысша жауап беруге сессендей ме, ештеңе демеді. Төлқұжатымда белгі сокты да қайтарып берді. Соған қарағанда мұнда бұл елге сіңіп кеткен орыстар да бар екен-ау деп ойладым.

Жүгімізді алып сыртқа шықтық та күтіп түрған көлікке отырып Нұрғали бастап Вашингтонды бетке алдық. Өуежай мен АҚШ астанасының арасы 40-50 шақырым көрінеді. Қалаға кірген соң “The Ritz Carlton” атты мейманханаға жайғастық. Күн батып, көз байланды. Сәл-пәл демалған соң елші міндетін аткарушы Дастан Елеуkenovтың шақыруымен халал тамақ дайындастын ауған мейрамханасына бардық. Ол Вашингтонға серіктес Александрия шаһарында екен. Ауған дастарханы (асы) Орта Азия мәзіріне жақын бол шықты.

Дастан ініміз жайылып жастық, иіліп төсек болды. Дастанды алғаш рет осыдан бірнеше жыл бұрын Лондонда көргенмін. Онда ол Қазакстан елшілігінде



жауапты қызметтө болатын. Дастан інімізben Қазақстан халықтары Ассамблеясы делегациясы кұрамында Англия парламентінің шақырыумен сонда барғанда танысып едік. Әкесі Шеріаздан Елеуkenov 1971-1986 ж. Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жаңындағы Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болды. Анасы Жаңыл Бижанова ұзак жылдар ҚазҰУ-дің филология факультетінде қазақ тілі кафедрасында үстаздық етті. 2000 жылдардың басында қайтыс болды. Дастан Мәскеуде оқыған. Физик. Соңа соң дипломатия саласына ауысыпты. Біраз ел жаңалығын айттым. Ол АҚШ елі, өздерінің атқарып жатқан қызметі туралы әңгімеледі. Тұрлі саладағы АҚШ – Қазақстан байланысы да ұмыт қалған жоқ.

Вашингтонға қайтып келеміз. Тұн. Аспан ашық. Жұлдыздар жыныңдайды. Оң жағымызда Пентагон қалып барады. 2001 жылы лаңкестер бұл ғимаратқа да шабуылдаған.

Ертең жексенбі. Уақытты босқа өткізбейік деп қаланы біразарападық. Елшіліктегі ескериатташеміздің көмекшісі мен консул Қанат деген інілеріміз жолбасшылық етті. Әуел АҚШ Президентінің мекенжайы Ақ үйді көрдік. Обама қазір Мьянма (бұрынғы Бирма) мен Тайланд сапарында екен. Оралған соң қантар айында инаугурациясын (ұлықтау) өткізбек. Соған дайындық жүргізілуде. Содан кейін АҚШтықтар «қалам» деп атап кеткен монументті көрдік.

Ол «Вашингтон монументі (ескерткіші)» деп аталады екен. Салмағы 91 тонна. Ұзындығы 169 метр. 1848-1884 жылдары Ақ үй мен Капитолий арасына салынған. Монумент АҚШ-тың алғашқы Президенті Джордж Вашингтонға арналған көрінеді. Париждегі Эйфель мұнарасы салынғанға дейін ол әлемдегі ең биік құрлық саналған. Ішінде төбеге көтерілтін 896 баспалдактық саты бар, кейіннен лифт қойылған. Мұнараның шығыс жағындағы ұшар басында латын тілінде «Laus Deo» - «Құдайға мадақ» деген сөз жазылған деседі. АҚШ астанасының әрбір күнінің жаңа таңының шапағы осы жазуларға түсіп нұрландырып тұрады екен.

Одан соң көлігімізге қайта отырып, Капитолий белесіндегі АҚШ конгресінің ғимаратына бардық. Оның етек жағы ескерткіштер. АҚШ тарихында елеулі рөл аткарған кісілердің аттылы мүсіндері. АҚШ-тың мемлекеттік мұражайын да тамашаладық. Американың аз тарихы сияқты материалға бай емес. Бірақ ғарыш пен екінші дүние жүзілік соғысқа біраз орын берілпіті.

Таң атты. Дүйсенбі. Ресми кездесулер басталатын күн. Вашингтоңдағы халықаралық діндер және мәдениетаралық «Руми форумы» атты ұнқатысу орталығына келдік. Бізді оның директоры Емре Челик деген түрік жігіті қарсы алды. Австралияда туылышты. Осында қызмет етіп жатқанына біраз жыл болыпты. Австралияда туылыш, сонда өссе де түрік тілін ұмытпапты. Жалпы түріктердің елжандылығы біз үйренетіндей-ак.

Халық жиналды, конференция басталып кетті. Кітаптың тұсау кесерін Орталықтың директоры Лена Лидке ханым жүргізіп отырды. Ол «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздық дін» атты кітабымды оқып шығыпты. Өзіне ұнағанын жасырмайды. Сол себепті мен туралы әуелі біраз жылы сөздерін жеткізді. Кітап жайлы да пікірін білдірді. Содан соң Қазақ елі, оның тарихы, діні, әдет-ғұрыпты, мәдениеті, ежелгі әдебиеті, кітапта қозғалған мәселелер туралы әңгімелеп шықтым. Жұрт ықыласпен тыңдады. Мен айтқан мәселелер қызықтыратын сияқты. Мүмкін, Америкаға келіп дін қайраткерінің ағылшын тілінде шықкан кітабының тұсаукесері олар үшін таңсық болған шығар. Өйткені мұндай айтулы оқиға Америкада болмаған.

Сұрақтар қойыла бастады. Оларға нақты, толық, ұғынықты жауаптар беруге тырыстым. Айтпақшы, маған елшілік орысша сөйлеуді ұсынды. Елшілікте қазақшадан ағылшыншаға тікелей аударатын мамандар жоқ десті. Ағылшын тілін білетіндер жеткілікті. Тек қазақша жақсы түсіне бермейді. Жауаптарым жұрт көnlінен шықты-ау деймін. Әйтеуір дін мәселесін саясиландырмауға, саясатпен араластырмауға тырыстым. Ол талабым орындалды. Қебіне ислам дінінің бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтары, еліміздегі дінаралық достық пен ынтымақ, Қазақстан өткізген діни құрылтайларға мән бере сөйледім.

Соныра 50-ге жуық кісіге қолтаңба беріп, кітабымды үlestірдім.

Шарага қатысқандар Қазақстанда байыпты, сабырлы исламды насиҳаттап жатқаным үшін раҳмет айтты. Мейманханаға қайтып оралдық. Біраз демалған соң Америка Сыртқы істер министрлігіне бардық. Ол жерде бізді АҚШ-тың халықаралық дін бостандығы департаментінің басшысы Сьюзан Джонсон Кук және 3-4 қызметкерлері, 2-3 діни сарапшыларымен қабылдады.

Зәңгі текті Сьюзан Кук АҚШ Президентінің кеңесшісі және Мемлекеттік хатшының әлемдегі діни бостандық бойынша кеңесшісі қызметін атқаруда. Ол аталмышлауазымға 1998 жылы ашылғалы бері алғаш рет тағайындалған афро-америкалық әрі алғашқы әйел.

Шенеунік ханымды АҚШ Президенті Обаманың қайта сайлануымен құттықтадым. Сьюзан ханым маған: «Еліңізде ислам дінін бейбіт түрде насиҳаттап отырғаныңызға раҳмет, біз экстремизмге қарсы бірлесіп күресуіміз қажет», – деді.

Ортақ әңгімеге әлемдегі тыныштық, діндер мен ұлыстарарапалық түсіністік пен достық, сыйластық жайы өзек болды. Мен еліміздегі 26 ұлттан тұратын мұсылмандар мен өзге де ұлыстар өкілдерінің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тату-тәтті өмір сүріп жатқандығын, ынтымақ пен бірлік арқасында Қазақстанның мұсылман елдері арасынан суырылып шығып 2010 жылы ЕҚЫҰ, 2011 жылы ИҰҰ секілді үлкен ұйымдарға тераға болғанын тілге тиек еттім.



Ұшырасуда сондай-ак Қазақстанда дінге байланысты 2011 жылы қабылданған жаңа заң төнегінде пікір алыстық. Сөз кезегі келгенде Қазақстанда Елбасы мен дін өкілдерінің дін мен ұлттар арасындағы ешкандай да алауыздыққа жол бермейтіні, мұның өте дұрыс екені, әрі қарай да солай бола беретінін қадап айттым. Кездесу сондай-ак діни руханият, мәдениет салалары бойынша да ауқымды үнқатысумен жалғасты.

Сюзан ханым Америкада христиандармен қатар африкалық, араб, үндітекti және түркиялық мұсылмандар тұратынын, өздерінің де АҚШ халқы арасындағы достық пен сыйластыққа үлкен мән беретіндіктерін еске алды.

Мен тағы да ұлттар мен ұлыстарарапалық катынаска дінді жамылып сызат түсірге және дін мен саясатты араластыруға жол беруге болмайтынын қарпеге салдым. Кез келген дінаралық дүрдараздыққа алып баратын іс-әрекетке қашанда тойтарыс беріліп отырылуы керектігін ескерттім. Осы ретте Сюзан ханым мен оның сарапшыларына жауап бере отырып, олардың да білімі мен білігін тексеру үшін сұрақ коюға тырыстым. Сейтсем, Сюзан ханымның баптизмнен өзге туралы білігі төмен екені байқалып қалды. Масқара болмай түрғанда кетейін деді ме, сәлден соң біреумен кездесуім бар еді деп кешірім сұрап кетуге ынғайланды. Оған Алматыдан әдейі ала келген базарлық деп түйе мүсінін сыйладым.

– Біз мұнда ұшақпен келдік. Пойызға да, машинаға да отырдық. Ондай көліктер жоқ бағзы кезде бабаларымыз осы бір момын жануарды пайдаланған. Сүтін азық еткен, жүнінен киім тоқыған, – деген сияқты сөздер айттым.

Ол риза болды. Ал кездесуге калуды жалғастырындардың сұрақтары жалпылама болды.

Айтпақшы, тұсаукесерлер мен конференциялар және Америка сыртқы істер министрлігінде өткен қабылдаулардың бәріне елшілігімізден Dana Хұсайынова және Dana Масалимова атты екі көліншек катысып отырды. Біреу менің сөздерімді аударып, әрі жазып отыrsa, екіншісі маған қойылған сұрақтар және менің оларға берген жауабымды қағазға түсірумен әлек. Жазатыны әрине американцытарды не қызықтырды, мұфтиден нені сұрады, ол калай жауап берді.

Кешкес Қазақстан елшілігіне жиналдық. Ол жерге де 40-50 американцы мемлекет, қоғам қайраткерлері, парламент мүшелері (сенаторлар), жазушылар, дипломаттар, журналистер келді. Елшіліктің үлкен залы толды. Сыймағандары түрекеп тұр. Елшілік қызметкерлері де жиналған.

Жиналысты Дастан Елеуkenов ашып автор мен кітап жайлы, Қазақстан-АҚШ мәдени байланысы туралы сөйлемді. Соңан соң маған сөз берілді. Аллаң тағала аузыма әдемі сөздер салды.

– Бұл менің 20-шы кітабым. Бірақ ағылшын тіліндегі бірінші еңбегім, – дедім. Біздің Орта Азия және Қазақстан халқының ислам дінінің, оның ішінде Ханафи мәзhabын ұстанып келе жатқанына

1000 жылдан асты. Орта Азия және Қазақстанда шамамен 50 млн. халық тату-тәтті ғұмыр кешудеміз. Орта Азия және Қазақстан халқы исламды тек қабылдаушы ғана болып қалған жоқ. Біз ислам өркениетін, мәдениетін байытуға үлес көстық. Имам әл-Бухари, имам ат-Тирмизи, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек, әл-Марғинани, әл-Хорезми, Әбу-л Қасым аз-Замахшари, Мұхаммед Захир ад-дин Бабур, Мұхаммед Хайдар Дулатилер түркі халықтарының ортақ мактанды. Қазақ даласында Түркістан, Отырар (Фараб), Сығнақ, Сауран, Исағиджаб, Женд, Тараз, Баласагұн секілді үлкен ислам орталықтары болған. Олардан 30 фарабилер, түркістанилер -барлығы 250-ден астам ғалымдар шықты.

Тәуелсіздікті бізге Алла тағала 1991 жылы берді. Біз қазір жаңа ел, жаңа мемлекет құрып жатырмыз. Ең қыын жылдары, 1991-1995 ж. Президент Н.Ә.Назарбаев Еуропадағы, сондай-ак әлемнің басқа да үздік оқу орындарына жастауды оқуға жіберді. Америкада да бірнеше мың қазақ жастауды дәріс алды. Қазір Қазақстан халқы 17 млн. Соның 70 пайызы мұсылмандар. 2300 мешіт бар. 1 Ислам университеті, 1 имамдардың білімін жетілдіру Ислам институты, 9 медресе жұмыс істеуде. Дін жағынан ешқандай қысым жоқ. Президент Елордада Әлемдік діндер лидерлерінің 4 съезін өткізді. Осының бәрі қолдарыныңдағы кітапта айтылған.

Сондай-ак жалпы казақ елінің рухани, мәдени, ғылыми тарихына тоқтала келе, Қазақстанның діні, ділі, кешегісі мен бүтініне назар аудардым. Еліміздің салт-дәстүрі, өткені мен келешегі де асыл дініміз және оның мәдениетімен біте қайнасып жатқандығы, қазақ халқының өзіндік әдебиеті мен мәдениеті бар өркениетті ел екендігін қадап айттым. Қазақ жерінен бүкіл әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Итқани (Ітқани) әл-Фараби ат-Түркістани, Ҳұсам ад-Дин Сығнақи, Мұхаммед Хайдар Дулати секілді т.б. мәшінүр ғалымдар шыққандығын тілге тиек ете келе, қыскаша олардың шығармашылығына тоқталдым.

Кездесу сонында сұрақтар қойылды. Ұшырасуға катысқан АҚШ сенаторы Дан Браун мырза Қазақстанның жақсы білетінің, Президентінің парасаттылығын, жүргізіп отырған сарабдал саясатын тілге тиек етүмен бірге маған қызық та маңызды әңгімелем үшін раҳмет айтты. Сондай-ак осы шараға катысқан басқа да АҚШ-тың белгілі адамдары ризашылық білдірісті.

Қазақстанның АҚШ-ка көшіп барып, Вашингтонда қазақ тілінен сабақ беріп жүрген Алматылық Магжан Айнашбекова ханым да қолымды алып: «Нағыз профессор екенінізді қөрсеттіңіз», – деді. Содан кейін үстелге отырып, жиналғандарға колтанба беріп, кітабымды тарраттым.

Алдындағы екі кездесу де осылай тартымды өткенді. Сөйтіп, елшіліктегі іс-шара да Аллаң тағаланың қолдауымен сәтті де қызықты, әрі нәтижелі болды.



Елшілік қызметкерлерінің де риза болғандықтарын байқадым.

Әлемдегі үлкен мемлекетке елімізді танытатын елшілік қызметінде үлттық санадан жүрдай, танымы таяз, ата дәстүрден ада, ой ерісі жұтақ жандардың қызметке жіберілуі көңілге кіrbің түсіргендей. Ағылшынша сайрағанымен, ана тілден мақұрым қос қарындасым менің сиңима ренжімес деп ойлаймын.

Вашингтонда жүргендеге талтұсте қайта-қайта маужырап, үйқы қысты. Өйткені Алматыда түн жарымы. Жүрт шырт үйқыда. Екі мемлекет арасының уақыт айырымы 11 сағат. Ал Тынық мұхит жағалауындағы Лос-Анжелеспен есептесеніз 14 сағат. Мазасыз күй кешетіндей-ак бар. Вашингтонға барғаннан кейін 3-4 күнге дейін уақыт айырымына байланысты шаршап жүрдік.

Келесі күні таңертенгі сағат онда «Джеймстаун корында» тағы бір тұсаукесер мен конференция өтті. Айтпақшы, менің барлық тұсаукесерлерім мен кездесулерім, конференцияларда сейлекен сөздерім мен баяндамаларымды бір әйел аузы-аузына жұқпай аударып отырды. Түріне қарасаң еврей секілді. Оңаша қалғанда өзінің Кубаның Гуантанамо аралында болып, орыс тілді тұтқындарға тәржімашылық жасағанын айтты. Оның айтуынша, Қазақстаннан 2 үйғыр тұтқында отырыпты. Солардың тәржімашысы болдым деді. Ол қайтер екен деп маган әдейі айтты ма, жоқ шынында да солай ма, білмедім. Орыс тілі демекші, осы «Джеймстаун корында» өткен тұсаукесерге Ресей елшілігінен Владимир деген жігіт келіп қатысты. Ол да менің сөздерімді дәптегіне түртіп отырды. «Америка даусы» радиосының тілшісі өзбекше, соңан соң өз сауалын ағылшынша айтты. Мен де білгенімше өзбекше, сосын орысша жауап бердім. Ол ҚМДБ-ның Өзбекстан мұсылмандар діни басқармасымен қатынасы туралы сұрады. Өзбекстан мен өзбек халқын мақтап өттім. Жүзі жайнап сала берді. Мактағанды кім жек көрсін.

«Джеймстаун корында» дөнгелек үстел түрінде өткен кездесуді кор төрагасы Глен Хоуард мырза ашып, жүргізіп отырды. Конференцияда сөйлесін деп Америка жағы Орта Азиядағы дін мәселесімен айналысадын Джейкоб Зенн деген сарапшыны дайындаған койған екен. Ол менен кейін баяндама жасады. Ол Өзбекстан, Қыргызстан, Тәжікстан, Қыргызстандағы саяси ахуал, олардың бүгінгі саяси жағдайын ашық та дұрыс сипаттады. Қазақстан туралы артық-ауыс сөз айткан жок. Қайта ол отанымызды Орта Азияда бейбітсүйгіштігімен басқа ұлт өкілдеріне деген толерантты қөзқарасымен ерешеленетін, орны бөлек мемлекет деді.

Қазақ елі көршілес елдерде болған алауыздық пен бейберекет тірліктерден аулак жүретін, білім-ғылым мен орқениетке бет бұрған парасатты халық екендігіне тоқталды.

Баяндамалар біткен соң маган сұрақтар қойылды. Оларға мен егжей-тегжейлі жауап бердім. Ұшырасудан соң дәстүргеңдегі кітабымды сыйладым.

Бірақ маган ұнамаганы Джейкоб Зенн өз сөзінде қазақ халқы көшпелі болды. Дінді ұстап жарытпаган. Исламды XVI-XVII ғасыр басында ғана қабылдаған, оған дейін көшіп-конып өмір сүрген. Сол себепті Орта Азия халқы сияқты дінге тым беріліп кетпеген деген пікір айтты. Оның үшлай деуіне біздің саясаткерлеріміз бен кейбір өз елінің тарихы туралы ойланбай, дәлелсіз де дәйектсіз, жауапсыз сөз айта салатын ғалымсымақтар себепкөр ғой деймін. Әлігі сарапшы солардың сөзін кайталап отыр. Оған қарсы: Онда іргетасы қаланғанына 1500 жыл болған Түркістанды, 2000 жылдан бері өмір сүріп келе жаткан Таразды кім салды, немесе оның түрғындары соңыра аспанға үшіп кетті ме дегім келді. Бірақ пікірталастырып жатуыма уақыт тарлығы мүмкіндік берmedі.

АҚШ-тың Сыртқы істер министрі Хиллари Клинтонның Орталық Азия және Кавказ аймағы бойынша орынбасары Роберт Блейкпен кездесудің де ойдағылай өткенін айткан жөн.

Р.Блейк мырза ұзын бойлы, еңкіштеу, көзі шүңірейген, ат жақты кісі екен. Жасы шамамен 50 келіп қалған деуге болады. Ол байырғы дипломат. Бакалавр және магистр дәрежесінің иегері.

Р.Блейктің ата-анасы «Ориент Экспресс» пойызымен Қазақстанды аралап өткен. Р.Блейк Қазақстан жайлы белгілі бір кітапты оқып шыққан соң, оны Х.Клинтонга берген. Х.Клинтон да кітапты оқып болғаннан кейін, оны АҚШ мемлекеттік департаментіндегі әріптестеріне де оқуға кенес беріпти.

Сонымен бізге АҚШ-қа қош келіпсіз айтылған соң екі жақты сұхбат басталып кетті.

Роберт мырзаны еліміздің Орта Азия елдері арасында көш бастап келе жатқаны, түрлі салалар бойынша қарқынды дамуы қызықтыратыны сүйсіндіретін көрінеді. Ол әңгіме үстінде Астана мен Алматы шаһарларының көркіне, табиғатына, казақ халқының қонақжайлышына сүйсінісін білдірді. Мен өз тарағымнан Қазақстанның Малайзия және Кувейт елдері қатарында болу үшін талпыныс үстінде екенін жеткіздім. «Еліміздегі ұлттар мен ұлыстар дінге немесе ұлтка болініп бірімен бірі жанжалдастып көрген емес. Бірлік пен ынтымак Қазақстанның ең басты байлығы әрі мызғымас тұғыры», – дедім. Сондай-ақ Роберт мырзага Қазақстан мұсылмандары діні басқармасының соңғы он жылда атқарған жемісті қызметі, сондай-ақ асыл дініміздің мұсылмандар арасындағы даму барысы жайлы да әңгімеледім. «Діни төзімділік – Елбасымыздың басты саясатының бірі. Оған дәлел ретінде елордамыз Астанада өткен Дүниежүзі әдестүрлі дін лидерлерінің төрт съезін айтуда болады. Өзінізге белгілі, 2011 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-на терағальық етті», – дедім.

Сондай-ақ кездесуде Қазақстанда қабылданған жаңа діні заң, мемлекеттегі керегар секталар жайы да сөз болмай қалған жок.

Иә, сұхбат үстінде ол Қазақстанның дінге байланысты жаңа заңын да сөз етеге келе «Йегова



куәгерлері» мен «Ахмадия сектасының» тіркеуден өте алмай қалуының себебін сұрады. «Куәгерлердің» және «Ахмадияны» ол секта деп атады. Мен «мемлекетіміздің дінге байланысты заңды қабылдағаны дұрыс. Талқылау барысында біз де оған байланысты пікірмізді білдіргенбіз. Заңды Парламент талқылаған соң Президент бекітті. Енді оны орындау керек. Біз заңға бағынамыз, сыйлаймыз. Түркменстанда кез-келген конфессия тіркелу үшін 500 кісі, Қыргызстанда 200 кісі жинауы керек. Біздің жаңа заңымызда ол бойынша 50-ақ кісі көрсетілген. Ал 50 адам жинай алмайтын қандай дін» деп едім үндей алмай қалды.

— Сіз «Иегова куәгерлері» мен «Ахмадияны» секта дедінің. «Ахмадия сектасы» мысалы исламғажаптайды. Ол христиан мен мұсылман арасынан шыққан дубара. Оны адам ойлап шығарған. Ал христиан, мұсылман, йуда Алла тағаланың діндері. Киелі кітаптары бар. «Ахмадияның» мүшелеріне Бүкіләлемдік ислам лигасы қажылық жасауға тыйым салғанын білесіз бе деп сұрап едім, ол білмейтінін айтты.

Конференциядан қайтып келеміз. Нұргали ғаламторды қарап келе жатқан. Онда менің кітабымның тұсауекесі мен конференция туралы пікірлер шыға бастапты. Ислам туралы насиҳатыма Америка жүртшылығы ризашылық білдіріп жатты.

Одан кейін дәл осындағы кездесу де дәл сол Сыртқы істер министрлігінде өтті. Ол жерде бізді осы мекеменің мұсылман үйімдары жөніндегі мемлекеттік департаментінің арнайы өкілінің орынбасары Аднан Кифаят деген кісі қабылдады.

Аднаннан ұлтыңыз араб па деген сұрағыма ол өзінің үнді текті екені айтты. Мен қысқаша Үндістандағы ислам қайраткелері, Бабыр, Хұмайұн, Шаһ Жаһан, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати, Қазақстан-Үнді мәдени рухани қатынастары туралы да айтты шықтым. Ол өзінің мұндай жайттерден мақұрым екенін, ейткені Америкада туылып, осында өскенін ескертті. Бірақ менің АҚШ-та канша милион мұсылмандар, канша мешіттер бар деген сұрағыма қысылып қалды да, білмейтінін айтты. Бірақ АҚШ-та барлық ұлттардың, барлық дін өкілдерінің ынтымақта өмір сүріп жатқанына тоқталды.

Аднан мырзаның Қазақстан жайлы пікірі жақсы. «Сіздер ЕҚЫҰ, ИҰҰ-ның төрағасы болдыныздар. Оны үлкен абыраймен атқардыңыздар. Кейбір елдер төрағалықка лайық еместігін көрсетті. Оны дұрыстап басқара да алмады» деп мереімізді өсіріп тастады.

Аднан мырза менен Сіздерде мешіттерге имамдар қалай дайындалады деп сұрады. Мен Діни басқармада аттестациялық комиссия, кадр, мешіт, діни істері секілді және т.б. бөлімдер бар. Діни қызметкө үміткерлер осы бөлімдердің мұкият сараптауынан өткен соң, Бас мұфтиге ұсыныс жасалады. Содан соң Дінбасы сұхбатынан өткендегер қызметке бұйрық алады дедім.

Аднан мырза Америкада дін кадрлері бір орталықтан дайындалып, басқарылмайтынын, әр

мешіттің өзінше әрекет етіп, өзінше діни насиҳат жүргізілетінін айта келе: – Қазақстан мұфтийінің бұл саладағы қызметі үлгі аларлық екен, – деді.

Ол маған: – Үлкен раҳмет. Қазақ еліне назар салып отырмыз. Әлі ешбір мемлекет толеранттық жағынан елінізден лидерлікті ала алмады. Менің бастығым Фара Пандит ханым Қазақстанда көп болды. Қазақ елін ұнатып қалды. Республиканыздың ЕҚЫҰ және ИҰҰ-ға басшылығы барлық елдерге үлгі бола алады. Қазақстан ЕҚЫҰ-на төраға болғанда екі ел арасындағы карым-қатынас күшіне тусты. Болашакта да АҚШ пен Қазақстанның достығы одан да зор болады деп ойлаймын. Қазақстандағы Ислам моделі өзінің толеранттығымен ерекшеленеді, біз үшін ол өте қызық, соны бізге де айтсаныз. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының діни істердегі тәжірибесі үлгі аларлық екен. Жалпы сіздерден көп нәрсөн үйренуге болады, – деді.

Вашингтонда түркі-американ альянсы деген үйим бар екен. Мекемеде оның төрағасының орынбасары түркі жігіт Мұрат Аққұс та бізді қабылдады. Альянс қазақ, өзбек, түркі, түркімен, қыргыз, тәжік болғандағы тұрады. Атальған елдерге арналған бұрыш қойылыпты. Онда сол елдердің тарихы, мәдениеті, этнографиясы секілді мәселелерді баяндайтын кітаптар, карталар бар. Әрбір болімді сол елдің азаматы басқарады. Біз тәжік, түркімен республикаларының жігіттерін кездестірдік. Қалғандары орындарында болмады ма, көрмедин.

Түркменстандың жігітпен кезінде Хорезмнен шыққан Әбу-л Қасым аз-Замахшари (1075-1144) туралы әңгімелестік. Ол оны жақсы білмесе де атына қанық. Орта ғасырларда Әбу-л Қасымның туған жері Тахта Хорезм өлкесіне қараган, қазір Түркменстан аумағында. Әбу-л Қасым ислам діні, араб тілі, қасиетті құран, хадис салалары бойынша әлемге әйгілі еңбектер қалдырған ғұлама. Тәспірлері қазіргі күндері қайта басылуда. Каирде, Бейрутта, Сауд Арабиясында бірқатар еңбектері жарыққа шықты. Әлемнің түрлі кітапханалары мен қолжазба корларында талай дүниелерінің қолжазбалары жатқанын білем. Әбу-л Қасым Замахшаридің еңбектері туралы исламғалымдары бірнеше зерттеулер жазып, жариялады.

Түрк жігіті мейірбан, кішіпейіл екен. Қасында имамы бар. Соған қарағанда бұл жер сондай-ақ діни де орталық көрінеді. Намаздар да өтіледін сиякты. Мен Мұрат мырзага тұсауы кесілген кітабымды бердім.

Содан кейін Вашингтонның Ислам орталығына бардық. Ол Мичиган (Масачусетс) көшесінде екен. Мешіт Омеяд немесе Андалусия сәүлет өнерімен салынған. Бас имам Абдулла Худж меккелік. Онымен АҚШ-ка 2002 жылы келгенімде танысқанмын. Күн жұма еді. Намаз алдында араб тілінде уағыз айтқанмын. Ол оны ағылшын тіліне аударып тұрды. Оны ұмытпапты. Ол бізді мешіт тарихымен таныстыруды. Алла тағала үйін Түркия, Египет секілді бірқатар елдер бірігіп салыпты. Сондай-ақ мешіттің 1957 жылдың 28 маусымында сол кездегі АҚШ Президенті Дуайт Эйзенхауердін катысуымен ашылғанын айтты.



Ертең Вашингтонмен қоштасып Нью-Йоркке аттанамыз. Сапардың сәтті де нәтижелі болғаны сөз болды. Нұргали да Бас мұфтидің елшіліктің Қазақстанды таныстырып насыхаттауда біраз игі шаруасын бітіргенін мәлімдеді.

Алланың қалауымен іске асқан сапар барысын тиімді пайдалана отырып, еліміздің имиджіне әсер ететін, Қазақстан жайлы төмөндегідей мағлұматпен АҚШ жүртшылығын хабардар еттік.

Бұл акпараттар отанымызға қатысты оңды пікірлердің қарқындан беруіне игі әсерін тигізеге деген ойдамын.

Сонымен Вашингтон сапарын қысқаша түйіндеек:

1. Қазақстан Ислам Ұйымындағы торағалығын 2012 жылы табысты аяқтап, Джигитие табыстады. Торағалығы кезінде отанымыз Исламның діни радикалдық идеялардан аулақ болу қажеттілігіне ерекше екпін түсірді. Өйткені, тек осынадай даму жағдайындаған мұсылман әлемі XXI ғасырда бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылатыны анық. Біз де АҚШ сияқты әлемдік ымырашыл саясатқа басымдық береміз. Қазақстанның өзі байсалды мұсылман елі саналады.

2. Қазақстандағы толеранттылықтың тамыры теренде жатыр. Бұлай болуы ықтимал түрлі дау жанжалдардың тұтануынсансақтайты. АҚШ сияқты Қазақстан да түрлі этностар мен халықтардың, діндер мен мәдениеттің дамуына ерекше қолдау көрсетіп келеді. Осыдан жиналған бай тәжірибесін ЕҚЫҰ мен ИҰҰ сыйны халықаралық беделді үйымдардың аясында болісуге әрқашанда дайын.

3. 2003 жылы Астанада откен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы құрылтайынан бастап Қазақ елі Батыс пен мұсылман әлемінің дін жетекшілерінің келісім алаңына айналды. 2012 жылғы мамырайында откен жиында Батыстың конфессияаралық келісімнің орнауына аса қызығушылық танытқаны айқын байқалды. АҚШ-тың діни жетекшілері құрылтай жұмысына белсene атсалысты. Американдық имам Рауф Файсал құрылтай хатшылығының мүшелігіне қабылданғаны бұл сөзімізге дәлел.

4. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы жаңа заңының ережелеріне сойкес елдегі барлық діни үйымдар қайта тіркеуден отті. Бір жылдың ішінде ҚМДБ 2228 мешітті қайта тіркеуден откізуге қол жеткізді. Қазақстан мұсылмандары Исламның сунниттік бағытыны, Әбу Ханифа мәзәнабын ұстанады. Ақидада имам Матуридиң көзқарасын басшылыққа алады.

5. Діни үйымдарды қайта тіркеу арқылы елдегі бұл саланың жай-күйі нактыланды деуге негіз бар. Мұның бәрі діни және ұлтаралық араздықтың алдын алуға, лаңқестіктің жолына тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Қазақстандагы діни қайта тіркеудің нәтижесінде 17 конфессияның 3 088 діни бірлестігі мен оның филиалдары қалды, Протестанттың діни бірлестіктер бұган дейін 1213 болса, одан тіркелгені 480. Қалған 733 бірлестіктері діни тармақтың өзінің шешімі бойынша қайта тіркеуге құжаттарын тапсырады.

6. Діннің атын жамылып жауыздыққа бару дінге, исламға қарсы жасалып жатқан ауыр қылмыс. Ешқандай дін, соның ішінде ислам да зорлық-зомбылыққа ешқашан шақырған емес.

7. ҚМДБ лаңқестікпен күресте және жастарды дәстүрлі ислам құндылықтары негізінде тәрбиелеуде шешуші ролі атқаруы тиіс. Соңдықтан ҚМДБ отандық діни мамандарды дайындауға ерекше мән беруде. Бұл діни негізделі радикалды лаңқестер қүшейіп жатқан мына алмағайып заманында айрықша маңызды қадам екені даусыз.

8. Түрлі діндерге тозімділік таныту халқыныздың асыл қасиеттерінің бірі. Жаңа заңың қабылдануы олардың ар-ождан бостандығын шектеу емес. Жаңа заң діни үйымдардың қызметтін реттеп, адамдардың заңды құқығын қорғауға бағытталған. Дінді қандайда бір жеке мақсатқа пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Адамдар тіркелмеген дінге қажет жағдайда мінәжат ете алады. Дегенмен, оның астарында не жатқанын білуі керек. Жұрт тіркеусіз-ақ, Құдайға сеніп, құлыштың жасап, діни рәсімдерді атқаруға құқылы. Алайда, осы сенімін діни үйымның тіркеуінсіз жүзеге асыра алмайды. Осыны барлық азаматтар түсінуге тиіс.

9. Дінаралық толеранттылықты сақтау Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының артықшылығы. Оның барлық құжаттарында мемлекеттік маңыздылығы айқын көрініс тапқан.

10. Біздің мемлекеттің салиқалы саясаты бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауды діндер арасында және оның өкілдері арасындағы түсіністікті нығайтудың, сондай-ақ діндер арасында үн қатысадының әлеуметтік кілті деп қарайды.

3. НЬЮ-ЙОРКТІҢ «ТАС ТОҒАЙЫНДА»

АҚШ астанасындағы ішкі рейстер Рональд Рейган атындағы кала әуежайынан үшады екен. Ертерек келдік. Ол жерден Капитолий білгіндеңін көнгресс, қалам сияқты биік аталмыш монумент көрініп тұр. Нұргали ініміз шығарып салды. Дастан Елеуkenov телефон шалып жол болсын айтуда. Алда 15 миллиондық түрғыны бар Нью-Йорк.

Атлант мұхитының жағалаумен үшшіп келеміз. 40 минуттан соң Нью-Йорк халықаралық әуежайына кондық. Онда бізді Қазақстан Республикасының Нью-Йорктағы бас консулы Раушан Есболатова қарындастырылған көмекшілерімен күтіп тұр екен. Ресмияттар біткен соң Нью-Йоркті бетке алдық. 30-40 минуттан соң қалаға жеттік. Осыдан 10 күндей бұрын



Сәнди дауылдының соғуына байланысты мұхит сүйкөтеріліп, кала көшелерінің біраз жерлерін су басқан. Сейтіп мұхит пен шығанақ жағалауларындағы біраз көшелер су астында қалған.

Нью-Йорктің 5-авеню көшесіндегі “The Peninsula NYC” конак үйіне келіп жайғастық. Сәл-пәл демалған соң Раушан қарындасымыз ез резиденциясына қонаққа шакырды. Ол Манхеттендегі үлкен бір ғимараттың 50 қабатында тұрады екен. Бізді онда оның көмекшісі Еркебұлан Қекімбеков деген жігіт бастап барды. Ол кезінде ҚазҰУ-да мен негізін қалаған шығыстану факультетінің парсы тілі мен әдебиеті белімін бітіріпте.

Раушанның 50 қабаттағы пәтерінен Нью-Йоркты тамашалап тұрмыз. Тұн. Жарқыраған шамдар көз жауын алады. Түрлі-түсті жарнамалар. Әлем-жәлем боп жарқырай жанған жазулар. Манхеттен ғимараттары ете биік. Әлемде әдетте ол «тас тоғай» деп аталады. Өйткені таң атып күн шыққанымен биік ғимараттардан күннің сәулесі қала ішіне түсे бермейді. Оны өзіміз де көрдік.

Біраз әңгімелестік. Ел жаңалықтарын айтып жатырмын. Раушанның дипломатия саласында қызмет етіп жатқанына біраз жыл болыпты. 2 сыныптағы Райан деген ұлы Алматыдағы қазақ мектебінде оқыпты. Қазақшасы жатық. Раушан орыс мектебінде оқығандықтан қазақшага шорқақтығына қысылатындаі. Тұған жері Талдыкорған аймағы. Әкесі неміс тілінің маманы болыпты. Анасы қазір Алматыда тұрады.

Раушан АҚШ елінің тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпys жайлы әңгімеледі. Біраз сұхбаттан соң оған раҳмет айтып, Райан баламызға бата беріп сыртқа шықтық.

Мейрамханамыз Нью-Йорктің как ортасында болғандықтан оған дейін жаяу барайық деп тұнгі қаланы арапал келеміз. Алдымыздан алманың белгісі салынған ғимарат шықты. Онда айфон қалтафоны сатылады екен. Маңайы толы халық. Қөпшілігі жастар. Кенет алдымыздан көше шетінде тұрған велорикшаларда біреуі отырған, біреуі рөлін ұстап тұрған бір топ қазак жастары келіп, жарыса сәлем берді.

- Кімсіндер, – дейміз таң қалып.
- Студентпіз.
- Қайда оқисындар?
- Нью-Йорк колледжінде.
- Мұнда кайдан келдіндер?
- Шымкенттен, Қарағандыдан...
- Бізді қайдан білесіндер?
- Бас мұфтиімізді білмей не болыпты?
- Мұнда не істеп жүрсіндер?
- Кешке қарай қол бос болған соң велорикшамен жүрттты тасып, қаражат тауып жүрміз.
- Велорикшаны аякпен айдау кын емес пе? Әсіреле арбаларыңа 3-4 кісі отырса?

- Ештесің жок. Жас емеспіз бе? Мына велорикша тақтасында жол бағасы жазылған. Аса қымбат емес. Бір кешті кейде 1000 долларға дейін тауып қаламыз.

Оку мен еңбекті ұштастырып жүргеніміз ғой, – дейді олар жайрандап.

– Окуларыңа зияны жоқ па?

– Жоқ. Қайта тіл сындыруға біраз көмегі бар.

Інілерімізбен қош айттысып, қонақ үйге оралдық.

Нью-Йорктегі келесі күнді қаладағы ислам орталығымен танысадан бастадық.

Ол Нью-Йорктің шығыс жағында. Шамамен 1000 адамдық намаз залы, қызмет бөлмелері, медресе және оның дәрісханалары бар. Орталық директоры Шариф Гамал бізді сыртта күтіп тұр екен. Ишке кіріп, үстелге жайғасып, сұхбатқа кірістік. Ол: – «Мешітте жұма намазы алдында араб және ағылшын тілдерінде үағыз айтылады. Өйткені намазхандардың арасында, араб тілін білетіндер де, білмейтіндер, ағылшынша енді үйреніп жүргендер де бар. Сол себепті үағызды екі тілде айтамыз. Айт мерекелері кездері мешіт түгілі оның ауласына да жұрт сыймай кетеді», – дейді. Медреседе оку жылы біздегідей З жылға таяу. Исламды қабылдан жатқандар да бар көрінеді.

Әңгімеге Амири деген карт кісі келіп қосылды. Ол бұрынғы директор. Жасы үлғайған соң орын орынбасарына босатыпты. Әмбеттің ешқайсысының Орта Азия және Қазакстан туралы билетіні аз. Тек Маураннаһрдан Әбу Насыр әл-Фараби, Имам әл-Бухари, Ибн Синалардың шыққанын, бір кездері бұл өлкеде ислам өркениетіне үлес қосқан көптеген ғұламалар болғанын ғана біледі.

Ислам орталығының директорынан АҚШ-та қанша мұсылмандар тұрады, қанша мешіт бар деген сауалыма ол 8-10 миллион мұсылман, тек Нью-Йорктің өзінде 300-ден астам Алла үйлері барын айтты. Бұл сандарды дәл емес деген ойлаймын. АҚШ-ка 2002 жылы, яғни осыдан 10 жыл бұрын келгенімде АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Ларри Нэппердін Америкада 7 миллион мұсылман, ал Нью-Йоркта 100-дей мешіт бар деген есімде. Ол да әрине жобалап айтты. Әдетте мұсылмандардың да, мешіттердің де саны кемітіліп көрсетілетіні белгілі.

Нью-Йорк мешіттерінде мұсылмандардың мұнда келген жұрттарына қарай бөлінетінін байқадық. Мысалы Парсы шығанағы, Азия бөлігі, Америкалық түркі текілер деген секілді. Ал мына біз барған мешіт арапас сиякты. Дей тұрғанмен Америкада мұсылмандар мәншабқа қарай бөлінбей имамға тұтас үйиді екен.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өкілі Бірганым Сарықызы Эйтімова да қонақжайлық көрсетті. Ол да Манхеттеннің биік ғимараттарының бірінің 79 қабатында тұрады екен. Біріккен Ұлттар Ұйымының үйі 39-ақ қабаттан тұрады, яғни ол біздің өкіліміздің резиденциясынан әлде қайда төмөн. Бірганым Сарықызын көптен білем. Ол Батыс Қазақстан облысынан. Кезінде Обком комсомолдың хатшысы, Израиль, Италия, Грекия, Малтада елші, Парламент сенатының депутаты, сондай-ақ бір жылдары еліміздің вице-премьері, Ғылым, білім министрі болды. Кейінрек республикамыздың БҮҮ-дағы өкілі болып ауысты.

Ол бізді жарқын жүзбен қарсы алды. Мекенжайынан бүкіл Нью-Йорк жақсы көрінеді деуге болады. Өткен кеткенді әңгімеледі. Ол өз пәтеріне Бас хатшы Пан Ги Мунды шақырып қонақ еткенін айтты. Ол дұрыс та. Өйткені көп мәселелер адами қарым-қатынаска байланысты да шешіледі ғой.

Бірганым қарындастырылған Президенттің орынбасары, министр кезінде де қызмет бабына байланысты кездесіп тұрушы едік. Ол да айтылмай қалған жок.

Тұсауы АҚШ-та кесілген кітабымның орындағы жақсына жақын тілектерімді жазып сыйладым. Ағылшыншасын да керегі болар деп тапсырдым.

Тұс аяу Бірганым қарындастырылған қош айтысын, Нью-Йоркті аралауға шықтық. Күн жылы. Ол әрине, Атлант мұхитының әсері болса керек. Бас консульмызың бізге қаланды аралауға көмектесу үшін шымкенттік Қадыр Қайыпов деген қызметкерін жіберіпті. Ол Шым қаладағы №26 мектепті бітірген соң, ҚазҰУ-дің халықаралық қатынастар факультетін тамамдапты. Қазір Нью-Йорктегі вице-консул. Қадыр ашық жүзді, ешкімді жатсынбайтын, қарапайым отбасынан шыққан жігіт, тек анда-санда мұғайып қалады. Мәнісін сұрасам бір жарым жасар қызының қатерлі ісік ауруына шалдыққанын, қазір химия алып жүргенін айтты. Алла тағала шипасын берсін деп дуга жасады.

Нью-Йорктегі мешітте отырғанымызда бізге дөнгелек жүзді консульмызы Ерлан Құбашев келіп косылды. Ол Көкшетаудан. Сөзге жок. Көбірек тындауды қалайды. Әнгімемізді көкейіне тоқып жатқандай көрінді. Сөз арасында Ақтау, Ақтөбеде болған оқиғалар жайлы сұрап кояды. Мән жайды түсіндірдік. Әрине, оның бәрінен оның хабары бар, бірақ біздің жеке пікірімізді білгісі келетін сыңайлы. Ол біз елге қайтардан бір күн бұрын кешке Нью-Йорктің жақсы бір мейрамханасына шақырып қонақ етті.

2002 жылы Америкаға келгенімде Нью-Йорктегі қоры бай атақты метрополитен мұражайында болудың сәті түспеп еді, соның енді реті келгендей. Сол себепті осы мұражайды арнағы көре кеткенді жөн көрдік. Ол да Манхеттен ауданында.

Мұражайға өтеп үлкен де еңсөлі. Әрине оның жәдігерліктерінің бәрін бір күнде көріп шығу онай емес. Сол себепті біз оның исламға қатысты болігімен ғана танысқанды жөн көрдік. Осы жерде айта кететін жәйт Еуропа елдері мұражайларындағы жәдігерліктер әдette бірін-бірі қайталап жатады, бір-біріне ұксас. Ол табиғи да шығар. Одан метрополитен де құтыла алмапты. Таныс тарих, таныс тас мұсіндер, таныс суреттер. Әйтсе де оның Ислам бөлігі Иран тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрптына қатысты жәдігерліктерге бай көрінді.

Американың Иранмен байланысы қаншама қайшылыққа толы болса да, мұражай оларға таршылық көрсеттепті. Орта Азиядан осы күнгі Өзбекстанның Бұхара, Самарқандаймағының мәдениеті, жәдігерліктері жайлы дүниелер де әжептеуір боп шықты. Мысыр,

Ирактан әкелінген заттар да жетерлік. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары АҚШ Иракты басып алғанда Бағдадтағы көне жәдігерліктер, есіресе Ирактың өртеже орта ғасырларға қатысты аса құнды дүниелері бар мұражайы тоналғаны белгілі. Метрополитен мұражайында да Вавилония, Месопотамияға қатысты біраз экспонаттар тұр. Ондай үрліккіті дүниелерді көрсетуден АҚШ қысылып отырған жок.

Содан Қазақстанға қатысты бірде-бір жәдігерліктер көрмедік. Азияның Исламға қатысты бөлімінің басшысы да ғаламторды ары-бері аударғанымен мұражайдан біздің өлкенің тарихына байланысты бірде-бір зат, немесе материал таба алмады. Әрине ол түгілі өзіміз де тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан акса да, «біз көшпелі болдық» деп ауызды қу шөптен күніге сұртіп отырсақ, оларға не өкпе! Өзіміздің кейбір тарихшысымактарымыз бен надан шенеуінктеріміз де осылай деп сарнауда.

АҚШ-тағы күндеріміз аяқталып келеді. Нью-Йорктегі Таймскуэр атты орталық алаңдағы Мадам Туссо іргетасын қалаған воск мұсіндер мұражайына да соға кеттік. Бірақ оның АҚШ-тағы жәдігерліктері Париж, Лондон, Амстердамдағы мұражайларға қараганда аздау көрінді. Мұзыканнтар мен әртістерге көбірек көңіл болғен бе деп қалдық.

Сонымен 2012 жылдың караша айының 24 күні тұс кайта 15 сағат 45 минутта Нью-Йорк әуежайынан Еуропага, Германияның Майндағы Франфуркт қаласына ұшар алдында Нью-Йорк шығанағы жағалауындағы азаттық статуясын көре кетуге бардық. Шығанақтың екі жағалауының арасы алшақтау. Сол себепті Манхеттен жағалауындағы шағын айлақтан экскурсиялық кемеге отырып, Азаттық статуясына жақын барып суретке түстік.

Жалпы Америка халқы сұрттан келген көлімектерден тұрады. Олардың АҚШ-тағы орны бөлек жағалауға АҚШ-қа кемемен әренжеткен, кейбірі кемеге ішігे алмай суға құлап жаткан барельфтерді де көрдік. Иә, әмбранттар АҚШ-қа көп келген. Әйтсе де олардың өлгөні өліп, бостандық еліне жете алмай суға батып арманда кеткендері де аз болмаған. Біз кемеге отырған айлақ маңында үлкен ғимарат тұр. Ол бұрындары әмбранттары қабылдайтын, тіркейтін үй болған.

Осы манда бірнеше кісілер отыр екен. Біреуі сыйызғы тартса, енді бір саксафонмен саз орындауда. Солардың бірі біз жандарынан өте бергенде орыс тілінде: Сіздер қазақсыздар ма, қазақстаннансыздар ма? демесі бар ма.

– Иә...иә, қазақпаз, қазақстаннанбыз дедік.

– Мен Сіздерге Қазақстанның әнұранын орындан берейін деген ол сыйызғысымен тәуелсіздікке дейінгі ескі әнұранды сыйылта жөнелді.

– Раҳмет. Бұл Кенес дәүіріндегі әнұран ғой. Қазақстан қазір тәуелсіздік алды. Жаңа әнұраны бар.

– Оны білмейді екенмін деді ол.

– Білмесеніз, бұдан былай біле жүріңіз деп ыңылдан жаңа әнұран әуенін еске салдық.



Эмigrantтар дегеннен шығады, Нью-Йорктің Бруклин ауданы негізінен Кеңес Одағынан келген эмigrantтардан тұратын көрінеді. Эмigrantтар арасында біздің ел немесе ұлт өкілдері ете аз деседі. Бруклиnde әуелде зәңгі тектілер көп болған. Бірақ Еуропадан келгендер (орыс, украин, неміс, еврейлер) оларды бірте-бірте ығыстырыпты. КСРО эмigrantтарының өз мейрамханалары, шіркеулері, мейманханалары, мектептері, бала-бақшалары бар көрінеді.

Сонымен кемемен жайлап жүзіп келеміз. Күн салқын. Жел қатты. Шығанақ толқынданып жатыр. Әрірекten Нью-Йоркпен келесі аралды жалғайтын үлкен көпір көрінеді. Оның арғы шеті ашық мұхит. Одан әлгі шығанакқа мұхит сүзы кіріп жатыр.

Кемемен Азаттық статуясына жақын келдік. Ол ете биік. Ішінде мұнарасына көтерілетін баспалдақ бар деседі. Статуяны АҚШ-қа Франция беріпті. Статуя бостандық, бақыт іздел осында келгендерді білдіреді. Еуропа жұрты негізінен христиан дінінің католик ағымын ұстанады. Бірақ XIX ғасырда католиктердің қатал діни талабына қарсы шығып, қарсылық білдірушілер, яғни протестанттар осында ағылған. Дін бостандығын аңсаған. Сол себепті де АҚШ билігі халықка қандай дін ұстанамын десе де ерік беріп қойған. Секта ма, жок па, онда ешкімнің ісі жок. Ал діни қауымбыз деп тіркелгендердің салықтан босатылатыны, біраз женілдіктерге ие болатыны ескертіледі екен.

АҚШ-тан елге қайтудан бір күні бұрын демалыс болды, яғни ол күні мемлекеттік мекемелер жұмыс істемейді деген сез. Ол – кешірім күні десті. Нениң кешірімі дейсіз ғой?! Американдыктар кезінде жергілікті үндістерді қырғынға ұшыратқаны мәлім. Міне, енді олар сол қылмыстары үшін жыл сайын үндістерден кешірім сұрайды екен. Бірте-бірте ол кешірім күні – демалыс күніне айналған.

Сонымен Нью-Йорк әуежайынан әуе кемесіне отырдық. Бірақ 1 сағаттай ұшу жолағында кідіріп калдық. Өйткені кезекке тұруға тұра келді. Себебі Нью-Йорк әуежайына бірнеше минут сайын ұшақтар қонып, ұшуда.

Нью-Йорк пен Франкфурт арасы 6198 шакырым. Әдеттегідей ұшақ тікелей Еуропага ұшпай Нью-Йорктан аттанысымен солтүстікке карай мұхит жағалай отырып, Канаданың шығыс жағалауына дейін 1 сағат 50 минуттай самғады. Канада біткен соң кілт онға бұрылып Еуропага бет алдық. Ашық мұхит басталды. Биікте самғап келеміз. Астымыз бұлт. Ал, төбеміз шайдай ашық. Тұн. Бұлттан ештene көрінбейді. Телегей теніз су айдыны. Төменге қарасам аппақ кар жамылған мұз үстімен сырғып бара жатқандаймыз. Аспанда жұлдыздар жынындайды. Олар қол созым жерде түрғандай.

Қазір Алматы уақытымен таңертенгі 6 сағат 30 минут. Онда таң атуға жақын. Вашингтон уақытымен кешкі 19 сағат 30 минут. Айрым 11 сағат. Жогарыда айтылғандай 4 сағат ұшкан соң Ирландия жағалауына

жеттік-ая! Жерден оттар жылт-жылт етіп көріне бастады. Жер ... жер! Жер анаға жеттік! Қандай қуаныш, қандай шаттық десеңізші! Бірте-бірте оттар, шамдар көбейді. Құрлыққа бірте-бірте деңдеп еніп келеміз. Атлант мұхитынан аман-есен өттік. Отанға бір табан жақындағы түстік.

4. ТАҒЫ Да ФРАНКФУРТТЕ

Таңғы 5 сағат 30 минутта тағы да Майндағы Франкфурт әуежайына қондық. Консулымыз Ерлан Избасқанов күтіп тұр екен. Машинаға отырып, қалаға тарттық. Мұнда Вашингтондағыдай емес, күн салқын. Бұрынғыдай жаңбыр сіркіреп тұр. Қонақ үйіміз қаланың ортасында. Нью-Йорктың Манхеттен ауданындағыдай биік үйлер, көпшілігі банктер.

Франкфуртты Еуропаның банк орталығы дейді екен. Қаланы арапал, біраз жаяу жүрдік.

Дүйсенбі. Бұл күні де Германияда жұмыс істемейтін болып шықты. Мейманханаға еліміздің Франкфурттегі вице-консулы Жолдасбек Таусаров келіп тұр. Оны көптен білем. Бір кездері ҚазҰУ-де бірге қызмет еттік. Ол математик. Қөлігіне отырып қаланы біраз арападық. Майн өзенін көрдік. Ол Франкфуртты жарып ағып барады. Терен көрінеді. Қөлемі жағынан Майнды Ертістей болар деп шамаладық.

5. МЫСЫР МИНИСТРИН МАРАПАТТАУ

Ертеніне танертең тұсқ 12-лерде Каирге ұшып шықтық. 3 сағаттан соң Мысыр астанасы әуежайына қондық. Бізді онда Египеттегі елшіміз Берік Арынов қызметкерлерімен күтіп алды. Кеш батып, тұн түндігін түсіріпті. Мысыр астанасын бетке алып келеміз. Онда келуіміздің себебі бар-ды. 2012 жылы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсанында Египеттің Ислам істері және уақыфтар министрі доктор, профессор Махмуд Закзуқ мырза да «Қазақстан тәэлсіздігіне 20 жыл» атты мерекелік медалімен өзге де елдердің республикамызбен достас, сыйлас мемлекеттерінің абыройлы азаматтары сияқты мараппатталған болатын. Бірақ ол оны алуға кезінде келе алмады. Әне-міне деп жүргенде Египетте төңкеріс, аласапыран басталып кетті. Нәтижесінде Египет Президенті Мұхаммед Хұсни Мұбарақ тақтан тайдырылды. Үкімет отставкаға кетті. Сонымен М.Х.Закзуқ та қызметін босатты.

Арада сынаптай сырғып уақыт өте берді. Содан әлгі медальді Вашингтоннан оралған соң, жолай Каирге де соға кетіп тапсыруды жөн көрдік. Ол жайлы Елшімізге хат жаздық. Ұсынысты М.Х.Закзуқ мырза құп алып, келісім беріпті. Каирге келе жатқанымыздың себебі сол.

Кешкісін Берік інімізбен біраз әнгімелестік. Откен-кеткенді еске алдық. Ол 1969 жылы Талдықорған аймағында туылған. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің араб тілі бөлімінән әскери борышын өтеп келген соң түсken. Окуды жақсы бітірді. Дипломатиялық



жұмысқа тартылды. Берік менімен бірге 1997-2000 жылдарда Риядтағы Қазақстан елшілігінде қызмет етті. Соңғы жылдары ол Қазақстанның Египеттегі төтенше және өкілетті елшісі.

Қала тыныш сияқты. Әдептегідей ерсілі-қарсылы жүйткіп бара жаткан машиналар непірі. Египеттегі бүлікке байланысты біраз кісілер науыт болды. Әйтсе де толкулар әлі де басылар емес. Енді халық екіге жарылған. Текетірес басталған. Қақтығыстар негізінен Президент Мұхаммед Мурси мен оның қарсыластары арасында болып жатса керек.

Сонымен Египетте күнде ереуіл. Күнде айқай. «Тахрир» алаңына «Мұсылман бауырлар», ал олардың қарсыластары Боливар алаңына жиналып, бірін-бірі қарғап, сілеп, біріне бірі тас лақтыруды. Бұрынғы президент Мұхаммед Ҳұсни Мұбарак балаларымен тұрмеде. Халықтың көпшілігі әлі де оған қарсы. Әсіресе М.Х.Мұбарактың кезінде тұрмеде отырғандар қазір атта.

Таңтерен Каирдың Нью Маади ауданындағы елшілікке келдік. Онда әл-Азһарда оқытын студенттер де жиналыпты. Сәлден соң Махмуд Хамди Закзұқ мырза да жетті. Шаршаулы. Қартайғаны байқалады. Мәжілісті сыртта елшілік ауласында өткізу жоспарланыпты. Президиумда мен, Берік Арынов және Махмуд Хамди Закзұқ мырза отырдық. Салтанатты Берік кіріспе сөзбен ашты. Соңан соң сөз кезегі маған берілді. Мен өз сөзімде былай дедім:

— Бұғін біз ежелгі мәдениет ордасы, Қазақстанға достас, бауырлас Египет астанасы Каир шаһарындағы Қазақстанның елшілігінде жиналып отырмыз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында елімізге достас бірқатар елдердің мемлекет, қоғам қайраткерлері «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл атты» мерекелік медальмен марапатталып еді. Солардың бірі доктор, профессор, Египет Араб Республикасының ислам істері және уақыфтар экс-министрі Махмуд Хамди Закзұқ мырза. Оны Республикамыз Қазақстанның, қазақ халқының досы деп біледі. Сіз, құрметті профессор мырза Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері еліміздің ислам өркениеті, мәдениеті саласында, Қазақстанның діни кадрлерін дайындауға үлес қостиңыз.

2001 жылы Сіздің көмегізбен Алматыда «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті ашылды. Бұл Орта Азия мен Қазақстанның, тіпті ТМД елдеріндегі бірегей оку орны. Ол күні бұғінге дейін 300-ден астам имам-хатибтер даярлап шыгарды. Ол ұзақ жылдар атеистік кезеңді бастан өткізген біз үшін үлкен көмек болды.

Сіздің қолдауыңызбен атақты әл-Азһар университеті жыл сайын Қазақстанның діни орындарына, әсіресе Нұр-Мұбарак университетіне ұстаздар жіберіп келді. Ол күні бұғінде дейін жалғасуда. Сол үшін Сізге Қазақстанның мұсылмандары діни басқармасы және өзімнің де атынан үлкен раҳмет айтқым келеді. Біз Сіз секілді досымыз болғанына мақтанамыз.

Сіздің қолдауыңыз, жәрдемізбен Нұр-Мұбарак

университетінің оку корпусы салынды.

2003 жылдан бастап Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 4 рет әлемдік және дәстүрлі дін қайраткерлерінің съезі үйымдастырылып келді. Осы істің биік денгейде өткізуінде де сіздің коскан үлесінің үлкен.

Египетпен қазақ елінің достығына бірнеше жүзденген жылдар болды. Египеттің Қазақстанның достық, бауырластық ғылыми, мәдени байланысы ешқашан үзілген емес, үзілмейді де.

Қазақстан халқы мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мен Сізге табыс еткелі отырған мемлекеттік марапатын соңғы жылдары елінізде болған оқигаларға байланысты дер кезінде тапсырудың реті келmedі. Әйтсе де «ештен кеш жақсы» дегендей, бұғін Сізге Қазақстан елшілігінде, сол марапатты ресми тапсыруға рұқсат етіліз.

Алла тағала Сізге зор денсаулық, отбасының амандық берсін. Достас бауырлас Египет еліне өркендеу, ынтымақ пен бірлік тілеймін.

Сіздің ислам күндылықтарын насиҳаттайтын бірнеше кітаптарыңыз қазақ тіліне аударылып Алматыда жарыққа шықты.

Содан соң М.Х.Закзұқтың омырауына әлігі медальды тақтым. Сөз кезегі тиғен соң ол да лебіз білдірді. Естелік айтты. 3-рет Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі лидерлерінің съезін еске алды. Президентімізге ризашылығын білдірді.

Одан соң студенттердің жиналғанын пайдаланып, елшілік қызметкерлері және отандас шәкірттерді де бірераптадансонатаптөтілестін Қазақстанның тәуелсіздік күнімен құттықтады. Ел жаңалықтарына тоқталды. Дін оқуында жүрген студенттердің жақсылап тағым алып, елге біліммен қайтуы керектігін басып айттым. Республикада діни жоғары білімді азаматтар өте керек екендігіне көніл аударды.

Соңан соң М.Х.Закзұқты шығарып салдық. Берік мәжіліс алдында бұғін үйіне Египеттің бұрынғы және қазіргі Ислам істері жөніндегі және т.б. ғылым қайраткерлерін шақырғанын, оның өзі Бас мұфти сапарына байланысты жасалып отырғанын айткан болатын.

Азын-аулақ шай рәсімінен соң біз Бейбарыс мешітін көруге кеттік. Соңғы жылдары ол жабық. 2002 жылы, ол кезде Египетте елші болған Аскар Мусинов Каирде оқытын қазақстандық студенттерді жинап, мешітті қоқыстан тазартып, Египет үкіметі, СІМ қызметкерлерін шақырып, менің қатысуыммен мешітті ашып едік. Одан бұрын Елбасы да Египетке жасаған зияратында Бейбарыс мешітінде болып, оны жөндеуге 4,5 млн. доллар бөлген. Содан бері жөндеу бітпей келеді. Өйткені мешіт ішінен су шықкан. Оны сорғызу, мешіт қабырғаларын қайта жөндеу секілді жұмыстар оңай және тез біte қоймайтыны белгілі. Біздің ел бөлген 4,5 млн. доллар жетпеген көрінеді. Осы іске қатысы бар кісілер барлық шығын 12 млн. доллар дейді.

Өндеу, жөндеу жұмыстарын жасап жаткан



мысырлық инженерлер мен құрылышшыларымен сұхбатастым. Олар жөндеудің әлі де біразға созылатынын айтты.

Одан шыққан соң Сұргатмишия (Сарғаймашия) мешіт-медресесіне бардық. Ол Каирдегі ең үлкен тарихи діни бірі Хасан ибн Тулун ғибадатханасымен қабырғалас. Онда Түркістанның шығысында 20 шакырым жердегі Иқанда туылып, Отырардың бас имамы болған, Бағдатта казы, Дамаскіде ұстаз, содан осында Каирде Сұргатмишия медресесіндегі мұдір болған, көптеген еңбектердің авторы Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357) медресесіне зиярат еттік. Мен ол туралы зерттең, кітап дайында жатқанымын. Бұрындары Каирге келген сайын бабамыздың ізі қалған сол медресеге сокпай кетпеуші едім. Медресе қазір мешіт ретінде пайдаланылада. Біз барғанда екінші намазы болыш қалғандықтан мысырлықтармен бірге намаз оқыдық. Имамы мені танып жатыр.

— Бұрын да осында келіп тұрушу едіңіз. Соңғы жылдары неге келмей кеттіңіз, — дейді. Елінде болыш жатқан бүлікпен жұмысы жоқ. Оны ұмытып кеткен сияқты.

Кеш бата Беріктің үйіне келдік. Бізден соң Махмуд Хамди Зәкзүқ мырза да есік қақты. Әңгімелесіп отырмыз. Египеттіктер де қазақтар сияқты шақырған жерге кешігіп келеді. Қонақтар содан асықпай жайлап жиналады. Шақырылған уақыт 18 сағат 00 болса да, жаңа министр Талғат Афиғи мырза сегіз жарымда келді. Қасында тағы екі кісі бар. Жаңа уәзірді бірінші көруім. Ол ұзын бойлы. Оның алдында әл-Азһар университетінің ректоры және Египеттің бас мұфтийінің орынбасары келген. Бас мұфти Әли Жұма Иорданияда екен.

Берік есік және жаңа министрді де қосып шакырдым дегендеге: «Ойырмай, ол қалай болар екен. Үйлесім таба алар ма екен» деп қауіптеніп едім, жоқ зиялыштар емес пе, сыр білдірмеуге тырысты. Оның үстіне дастархан басында елдегі жағдай, бұрынғы президент Мұхаммед Ҳұсни Мұбарак пен қазіргі Елбасысы Мұхаммед Мурси жайлы сөз қозғалып, екі жақ пікірталастырып қалмас па деген ойым да бекер бол шықты. Оның орнына ортақ тақырып – Қазақстан, Нұр-Мұбарак университеті, өздерінің Алматыда болған кездегі әсері, Астанада өткен дәстүрлі және әлемдік дін лидерлерінің съезі ортақ әңгімеге айналды. Көп ретте Махмуд Хамди Зәкзүқ сұхбатка жетекшілік етіп отырды.

2003-2012 жылдары Астанада өткен төрт съезге де бастары қосылмайтын, қосылса да амандаста, амандаасса да бір үстелдің басында отырмайтын иуда, мұсылман дін лидерлері келгені белгілі. 2003 жылғы съезде Израильдің бас раввині Иона Мещгер орнынан тұрып барып, қасиетті әл-Азһар шейхы доктор, Мұхаммед Саид Тантауи, Бұқіләлемдік ислам Лигасының бас хатшысы Абдолла бин Абд әл-Мұхсин ат-Түркідің қолын алды. Түрки оның жаңына келгенін байқамағансып, көрмегенсіп отыра берді. Сөйтесе де

Иона Мещгер қоймастан қолын алды. Тіпті бір екі аузы сөз айтты. Не дегенін кім білсін? Абдолла ат-Түрки өз патшасынан сескенеді. Неге Израильдің дін басшысымен амандастың деп жазғыруы мүмкін фой.

2009 жылғы съезде Израиль президенті Шимон Перес Әл-Азһардың шейхы доктор Мұхаммед Сайд Тантауимен амандасты. Ол суретке түсірілді. Содан М.Х.Зәкзүқтың айтуына қарағанда ол Египетке оралған соң, бірақ шу болған. Кейбіреулер: «отставка кет!» дегенде дейін барған. Тантауи: «Мен оны танымаймын. Оның кім екенін қайдан білейін. Еуропалық біреу екен» деп ойладым деп әрек құтылыпты. Бұл біз білмейтін дерек болғандықтан қызыға тыңдадым.

Сондай-ақ М.Х.Зәкзүқ Астанада 2009 жылғы съезде болған тағы бір оқиғаны еске алды. Съез біткен соң Бейбітшілік үйінде концерт өтті. Онда Абдолла бин Абд әл-Мұхсин ат-Түрки де болды. Балет немірлері орындалу үстінде қызық-келіншектер сахнаға шыққанда Түрки сасып қалып, Тантауиға: «Жүр кетейік» депті. Тантауи қозғала қоймайды. Сосын Түркі: «Неге балет көріп, музика тыңдайсың, ол харам» дей отырып залдан шығып кетеді. Оның концертті тыңдамай залдан көмекшісі Рахматулла үйғыр екеуі шығып кеткенін мен де көргенмін. Бірақ мына деректі білмейді екенмін.

М.Х.Зәкзүқ осыларды айтқан кезде Египеттің бас мұфтийінің орынбасары менен Қазақстан мұсылмандары исламның қандай жолын ұстанады деп сұрап қалды. Мен ешуақытта Қазақстан мұсылмандарының исламның катан жолын ұстанбағандығын, бабаларымыз Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551), Мұхаммед Захир ад-дин Бабырлардың (1483-1530) исламның ғылым-білім жолын ұстанғандығын, біз де сол жолдан таймай келе жатқанымызды айттым.

Әл-Фараби дегеннен шығады М.З.Зәкзүқ қазақтардың ұлы бабасы Әбу Насыр әл-Фарабидің музыканы өте жақсы көрғендігін, оның «Музыканың үлкен кітабы», «Музыканың кіші кітабы» атты атакты еңбектер жазғанын еске ала келе, Сирияда Сайф ад-Даула әл-Хамдани (?-968) сарайында болған төмендегі оқиғаны айтты.

Бұл оқиғаны еске алудағы мақсат – қазақтардың арғы аталарының да үаһнабизмнен аулақ болғанын аңғарту сияқты.

М.Х.Зәкзүқтың әңгімесі ортағасырлық ибн Халликанның (1211-1282) «Уафайат әл-ағіан уа анба абна аз-заман»—«Ұлы адамдардың қазасы» атты еңбегінде берілген, оны өткен ғасырдың 70-жылдары кезінде араб тілінен казақ тіліне аударғанмын.

«Бір жинақтан мынаны оқыдым, – деп жазған ибн Халликан¹, – Мысырдан қайтып оралған бетінде Әбу Насыр Сайф ад-Даулатен кездесу үшін оның сарайына келген кезде, онда ғылым, білімнің түрлі салалары

¹Ибн Халликан. Китаб әл-уафайат әл-ағіан уа анба абна аз-заман. Бейрут, (шыққан жылы көрсетілмеген). 8 том; 5 том, 153-156 беттер.



бойынша озық ойлыларындың бәрі де жиналған еді. Әбу Насырдың кигені әдеттегідей түркі шапаны болатын. Сайф ад-Даула оған отыр деді. Әбу Насыр:

— Мен тұрган жерге ме, яки сен тұрган жерге ме деп сұрады (Хайсу ана ам хайсу анта?)

— Сен тұрган жерге (Хайсу анта), — деді сұлтан. Әбу Насыр жиналғандардың үстінен аттап-пұттап етті де, Сайф ад-Дауланың тағына жетті. Сөйтті де оны орнынан ығысуга мәжбүр етіп, жаңына жайғасты.

Сайф ад-Дауланың оққағарлары бар еді. Олармен ол өзіне ғана белгілі құпия тілде² сөйлесетін. Міне, сол тілде ол: — Мына қарт әдепті бұзды. Мен оған бірнеше сұрақтар қоямын, егер лайықты жауап бере алмаса, мазактап (абыройын түсіру) керек деді. Сонда Әбу Насыр сол тілде:

— О Әмір! Әрбір іс сонына қарай бағаланады, — деді. Сайф ад-Даула таң қалып:

— Сен бұл тілді билетін бе едің, — дейді.

— Иә, дейді Әбу Насыр. Мен 70-тен астам тілдерді білемін.

Сайф ад-Даула оған құрмет көрсетті. Әбу Насыр сарайға жиналған ғалымдармен түрлі ғылым салалары бойынша сұхбаттасты.

Әбу Насырдың пікірі өтімді, ал басқалардің онша бола қоймады. Сол себепті олар сөз кезегін оған ғана беріп, өздері үндемеді. Сонан соң олар оның айтқандарын жазып ала бастады. Сайф ад-Даула Әбу Насыр екеуі қалды да, өзгелерді жөніне жіберді. Сөйтті де:

— Тамақ ішкің келе ме деп сұрады.

— Жоқ.

— Сусын ішкің келе ме?

— Жоқ.

— Музыка тыңдағың келе ме?

— Иә.

Сайф ад-Даула мұзықанттарды шакырды. Сарайға өз ісінің шеберлері жиналды. Олардың бәрі мұзыкалық аспаптарында ойнаған кезде Әбу Насыр оларға ескертулер жасап, қателіктегін айтып түзетті. Сайф ад-Даула оған.

²Француз ғалымы М.Канар 1934 жылы Алжир-Париж қалаларында жарық көрген «Сайф ад-Даула» атты зерттеуінің 289 бетіндегі әл-Фарағидің Сайф ад-Дауланың сарайында болған кездегі Әміршінің өз оққағарларымен сөйлескен құпия тілін күрді лұгаты болуы мүмкін деген жорамал ұсынады. Шынында да тарихи деректерге үнілер болсақ Сайф ад-Дауланың ескерінде көптеген күрділер болған деген фактіге кездесеміз. Тіпті, оны айтпағаның өзінде шығыстанушы-арабист, біздің ұстазымыз проф. Ю.Н.Завадовский 1975 жылы Москвада шыққан бір жинақта (Ал-Фараби. Научное творчество. Сборник статей. М., 1975) жарық көрген мақаласының соңындағы ескертулерінде (109 бет) «Сайф ад-Дауланың өзінде де күрді қаны ойнап тұрушы еді» - дейді. Мұнда да белгілі бір шындық бар секілді. Өйткені, Сайф ад-Дауланың әкесі араб болғанмен, шешесі күрд болатын. Олай болса оның өзінде оққағар етіп күрділерді алуы, олармен сол тілде сөйлесуі әбден мүмкін.

— Бұл істе де шебер ме едің, — деді.

— Иә.

Ол белінен құтыны шығарды да ашып, ішінен ішктерді³ шығарды. Оларды жүйелеген соң, ойнай бастады. Отырғандардың бәрі жадырап құлді. Ол құлақ қүйін тағы да бұрап ойнаған кезде, жұрттың бәрі жылай бастады. Құлақ қүйін тағы да бұрап ойнаған кезде бәрі де, тіпті сұлтанның күзетшілер де үйіктап кетті. Оларды сол үйіктаған халде қалдырған (Әбу Насыр сарайдан) шығып кетті».

Сөйттің дастархан басында жақсы әнгіме болды. Соңыра мен бата бердім. Берік жаңа министрге шапан жауып, құрмет көрсетті.

Жұма. Таңертең Каирдегі Панорама мұражайына бардық. Онда Египет пен Израиль арасында 1973 жылы казан айында болған соғыс көрсетілген. Мұнда Египетке ресми келген сапарында Нұраған да болған екен. Мен де бірнеше рет болғанмын.

Одан соң Каирдың оңтүстік шығысындағы биікте, кезінде Салах ад-дин әл-Айюби (1138-1193), XIX ғасырда Мысыр патшасы Мұхаммед Әли (1769-1849) қосымша құрылыштар салған патша сарайына бардық. Ол түріктің сәулет үлгісін елеңтеді. Оның да бірнеше жерінде қайта жөндеу жүріп жатыр. Сарай ауласындағы биіктеу жерден Каир шаһары көрініп тұр. Бірақ көк түтіннен алыс жерлері байқалмайды. Патша сарайындағы мешітте, жұма намазын оқыдық.

Айтпақшы, осы патша сарайы маңындағы төбедегі мейрамханаға бізді Махмұд Ҳамди Закзұқ шакырып қонақ етті. Онда да жақсы әнгіме болды. Ол жер бұрын шаңы шығып жатқан биік екен. Әлемдегі бай кісілердің бірі Аға хан қаражат шығарып, топыракқа жасыл шөп төсеп, талдар егіп, бақ жасап беріпті. Қазір ол қала халқы демалатын әдемі бір жайға айналыпты.

Әуежайдамыз. Бірер сағаттан соң Каирден Әбу Дабиге ұшып шықтык.

Әбу Даби әуежайында бізді Біріккен Араб Әмірліктеріндегі елшіміз Аскар Мусинов қызметкерлерімен күтіп алып, виза жасатып қалаға бастады. «Ротана» деген мейрамханаға келип демалған соң, ертеңінетанертең оңтүстік астанамызға ұшып шықтык. Алда Алматы. Алда сүйікті отанымыз Қазақстан. Жат жұрт қанша жақсы болғанымен, шіркін туған жерге жетпейді ғой.

Сөйттің жаһаннның үш құрлығына жасалған, сапар сәтті де нәтижелі аяқталды.

Алматы-Франкфурт-Париж-Франкфурт-Вашингтон-Нью-Йорк-Франкфурт-Каир-Әбу Даби-Алматы.

³Мұнда айтылып отырған, яғни әл-Фарағидің өзі ойлап шығарып еді делінген мұзыкалық аспап жаілы ағылшын шығыстанушы Е. У. Лейннің 1914 Лондонда, 1966 жылы Нью-Йоркте шыққан еңбегінің 365-366 беттерінен оқуға болады. Қараңыз: E.W. Lane. Manners and Customs of the Modern Egyptians. Introduction by M. Saad ed-Din, London – New York, 1966, 365-366 беттер.